

«Бекітілді»
Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясының
2025 жылдың 26 тамыздағы
№ 1 педагогикалық кеңесінің шешімімен
_____ Кайпулдаев А.К.
«26» тамыз 2025 жыл

«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Байзақ ауданының білім бөлімінің Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025-2026 оқу жылына арналған оқу-тәрбие жұмысының жоспары

Сарыкемер, 2025 жыл

Мазмұны

I бөлім

Мектептің іс әрекетінің негізгі мақсаты, міндеттері және негізгі бағыттары

- | | | |
|------|--|---|
| 1.1. | Гимназия туралы ақпараттық мәлімет | 4 |
| 1.2. | Гимназияның өткен оқу жылындағы оқу – тәрбие жұмыстарының сараптамалық талдауы | 5 |

II бөлім

2024-2029 жылдарға арналған «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Байзақ ауданының білім бөлімінің Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесін дамыту бағдарламасы

- | | | |
|------|--|-----|
| 2.1. | Кіріспе | 54 |
| 2.2. | 2024-2029 жылдарға арналған «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Байзақ ауданының білім бөлімінің Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесін дамыту бағдарламасының паспорты | 55 |
| 2.3. | Ағымдағы жағдайды талдау | 77 |
| 2.4. | Миссия және пайым | 107 |
| 2.5. | Нысаналы индикаторлар және күтілетін нәтижелер | 109 |
| 2.6. | Мектептің даму бағдарламасының 2024-2029 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары | 114 |

III бөлім

Оқу-тәрбие үрдісін жоспарлау

- | | | |
|------|---|-----|
| 3.1. | «Заманауи мектеп» кешенді бағдарламасының «Шебер ұстаз» жобасының жылдық жұмыс жоспары | 128 |
| 3.2. | «Заманауи мектеп» кешенді бағдарламасының «Гимназия сапасы» жобасының жылдық жұмыс жоспары | 141 |
| 3.3. | «Заманауи мектеп» кешенді бағдарламасының «Цифрлы гимназия» жобасының жылдық жұмыс жоспары | 166 |
| 3.4. | «Жаңа ұрпақ» кешенді бағдарламасының жұмыс жоспары | 169 |
| 3.5. | «Жаңа ұрпақ» кешенді бағдарламасының «Сәтті қадам» жобасының жылдық жұмыс жоспары | 192 |
| 3.6. | «Жаңа ұрпақ» кешенді бағдарламасының «Саламат» жобасының жылдық жұмыс жоспары | 196 |
| 3.7. | «Жаңа ұрпақ» кешенді бағдарламасының «Тұлға» жобасының жылдық жұмыс жоспары | 211 |
| 3.8. | “Жаңа ұрпақ” кешенді бағдарламасының “Азамат” жобасының жылдық жұмыс жоспары | 213 |
| 3.9. | Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың, қылмыстың алдын алудың және құқық бұзушылыққа жағдай туғызатын | 218 |

	себептер мен жағдайларды шешудің 2025-2026 жылдарға арналған бірлескен іс-шаралар жоспары	
3.10.	«Ұлағат» әкелер клубының жылдық жұмыс жоспары	221
3.11.	Діни экстремизмнің алдын алу бойынша жылдық жұмыс жоспары	222
3.12.	Нашақорлық пен уытқұмарлықтың алдын алудың кешенді іс-шаралар жоспары	223
3.13.	«Ұлағат» ұлдар клубының жұмыс жоспары	225
3.14.	Мемелекеттік рәміздерді орналастыру мен насихаттаудың жылдық жұмыс жоспары	225
3.15.	«Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының жылдық жұмыс жоспары	226
3.16.	«Білім сапасын қамтамасыз етуде мектеп жұмысын цифрлық трансформациялаудың ұйымдастыру-педагогикалық шарттары» тақырыбындағы ғылыми-педагогикалық эксперименттік жұмысының тұжырымдамасы	236
3.17.	«Білім сапасын қамтамасыз етуде мектеп жұмысын цифрлық трансформациялаудың ұйымдастыру-педагогикалық шарттары» тақырыбындағы ғылыми-педагогикалық эксперименттік алаң жұмысының жылдық жоспары	249

IV бөлім

Оқу-тәрбие үрдісіне басшылық ету

4.1.	Педагогикалық кеңес жоспары	252
4.2.	Директор жанындағы кеңес жоспары	256
4.3.	Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясының «Әдістемелік кеңесінің» жылдық жұмыс жоспары	262
4.4.	Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдық міндеттері	265
4.5.	Ғани Мұратбаев атындағы гимназияның 2025-2026 оқу жылына арналған мектепшілік бақылау жоспары	285

I бөлім

Мектептің іс әрекетінің негізгі мақсаты, міндеттері және негізгі бағыттары

1.1. Гимназия туралы ақпараттық мәлімет

- *Мекеменің толық атауы:* Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясы
- *Статусы:* гимназия, Аудан әкімінің № 319 қаулысы (27.07.2018 жыл), Байзақ ауданы әкімдігінің білім бөлімінің № 442 бұйрығы (30.07.2018 ж.)
- *Пайдалануға берілген мерзімі:* 1973 жыл
- *Тіркеу (Регистрация) туралы куәлік:* 03.09.2018 №48-1919-09-ММ, БСН 031140003614.
- *Лицензия:* Жамбыл облысының Білім саласындағы бақылау департаментінің 2018 жылғы 27 қыркүйектегі №311 бұйрығы. № KZ50LAA00012881, 2018 жылғы 27 қыркүйек.
- *Оқыту тілі:* аралас
- *Шет тілін оқыту:* ағылшын
- *Оқушы саны:* 1156
- *Сынып саны:* 57 сынып комплект.
- *Оқу режимі:* Екі ауысым
- *Оқу-материалдық базасы :* 41 кабинет, оның ішінде паспорты бар – 4; 1 спортзал ; 1 шеберхана; 2 компьютерлік кабинет, 1 мультимедиялық кабинет (9 +1), 1 мемлекет стандартына сай физика, химия кабинеттері; 4 интерактивтік тақта, жаңа модификациялы кабинеттердегі интерактивті тақта - 4;
- *Ғылыми-зерттеу алаңы :*
 - 1) **Республика деңгейінде:** 2004 жылдан Ы. Алтынсарин атындағы Білім Академиясының базалық мекемесі болып тағайындалған.
 - 2) **Республика деңгейінде:** 2012 жылдан бастап «e – learning» электронды оқыту жүйесі енгізілген.
 - 3) **Республика деңгейінде:** 2015-2016 оқу жылында қазақ тілінен басқа тілде оқытатын мектептердің 1-11 сыныптарына арналған қазақ тілінің деңгейлік оқулықтарын сынақтан өткізу жұмыстары жүргізілді.
- 1) **Облыс деңгейінде:** 2001 жылдан «Салауатты өмір салтын насихаттау жобасының» тірек мектебі болып жұмыс істеуде.
- 2) **Облыс деңгейінде:** 2014 жылдан бастап Назарбаев зияткерлік мектебінің тірек мектебі ретінде таңдалып, «Педагогикалық үдеріске қатысушыларды зерттеу мектебі» экспериментінің жобасы жасалды.
- 3) **Облыс деңгейінде:** 2022 жылдан бастап «Білім сапасын қамтамасыз етуде мектеп жұмысын цифрлық трансформациялаудың ұйымдастыру-педагогикалық шарттары» тақырыбындағы ғылыми-педагогикалық эксперименттік жұмысының тұжырымдамасы жасалды.

1.2. Гимназияның өткен оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмыстарының сараптамалық талдауы

Білім беру үдерісін кадрлармен қамтамасыз ету

Мектепте 132 мұғалім қызмет атқарады, 132 жоғары білімді педагогтар мамандығы бойынша жұмыс істейді. 11 педагог-шебер, 41 педагог-зерттеуші, 30 педагог-сарапшы, 22 педагог-модератор, 2 екінші санатты, 19 педагог, 10 педагог-тағылымдамашы қызметкер. Педагог-шебер, педагог-зерттеуші, педагог-сарапшы мен бірінші санатты мұғалімдердің үлесі – (85) 60,7 %-ды құрайды.

2024-2025 оқу жылында мұғалімдердің сапалық құрамының үш жылдық мониторингінің нәтижесінде жоғары және бірінші санатты педагогтердің үлесі талдау кезеңінде өткен жылмен салыстырғанда 3.7 %-ға төмендеген.

2024-2025 оқу жылында жас мамандардың үлесі өткен оқу жылымен салыстырғанда кеміді. 2023-2024 оқу жылында 13,3 %-ды құраса, 2024-2025 оқу жылында 9 %-ды құрап отыр. Қазіргі сәтте 10 жылға дейін педагогикалық өтілі бар педагогтердің үлесі (39) 29,5 %-ды, 10 жылдан 19 жылға дейін педагогикалық өтілі бар педагогтердің үлесі (49) 37,1%-ды, 20 жылдан астам педагогикалық өтілі бар педагогтердің үлесі (44) 33,3%-ды құрап отыр.

Мұғалімдердің білімінің салыстырмалы көрсеткіші

№	Білімі	Оқу жылдары				
		2020-2021	2021-2022	2022-2023	2023-2024	2024-2025
1	Жоғары білімді	139	136	128	135	132
3	Орта арнаулы білімді	-	1	2	-	-
4	Барлығы	139	137	130	135	132

Мұғалімдердің біліктілігінің салыстырмалы көрсеткіші

№	Санаты	Оқу жылдары		
		2022-2023	2023-2024	2024-2025
1	педагог-шебер	12 (8,7%)	11 (8,1%)	11 (8,3%)
2	педагог-зерттеуші	37 (30,7%)	41 (30,4%)	48 (36,4%)
3	педагог-сарапшы	31 (21,8%)	30 (22,2%)	26 (19,7%)
	I санат	2 (2,1%)	-	-
4	педагог-модератор	21 (12,5%)	22 (16,3%)	30 (22,8%)
	II санат	1 (2,1%)	2 (1,5%)	1 (0,7%)
5	Педагог	26 (21,2%)	19 (14,1%)	11 (8,3%)
6	Педагог-тағылымдамашы		10 (7,4%)	5 (3,8%)

7	Педагогтер	130	135	132
Педагог-шебер, педагог-зерттеуші, жоғары және педагог-сарапшы, бірінші санатты мұғалімдердің үлесі		82 (63,1%)	82 (60,7%)	85 (64,4%)

Гимназиядағы жас мұғалімдердің үлесі

№	Оқу жылдары				
	2020-2021	2021-2022	2022-2023	2023-2024	2024-2025
1	21 (15%)	29 (21%)	24 (18,4%)	18 (13,3%)	12 (9%)

Мұғалімдердің педагогикалық еңбек өтілінің мониторингі

№	Педагогикалық өтілі	Оқу жылдары				
		2020-2021	2021-2022	2022-2023	2023-2024	2024-2025
1	1 жылдан кем	13 (9%)	6 (4%)	2 (1,5%)	8 (1,5%)	5 (3,8%)
2	1 жылдан 3 жылға дейін	4 (2,9%)	23 (16,8%)	23 (17,7%)	17 (17,7%)	10 (7,6%)
3	4 жылдан 5 жылға дейін	7 (5%)	8 (6%)	9 (6,9%)	10 (6,9%)	13 (9,8%)
4	6 жылдан 7 жылға дейін	10 (7,2%)	5 (3,6%)	6 (4,6%)	7 (4,6%)	5 (3,8%)
5	8 жылдан 9 жылға дейін	10 (7,2%)	13 (9,5%)	9 (6,9%)	7 (6,9%)	6 (4,5%)
6	10 жылдан 11 жылға дейін	10 (7,2%)	10 (7,3%)	6 (4,6%)	9 (4,6%)	10 (7,6%)
7	12 жылдан 14 жылға дейін	18 (12,9%)	13 (9,5%)	15 (11,5%)	10 (11,5%)	13 (9,8%)
8	15 жылдан 17 жылға дейін	15 (10,7%)	17 (12,4%)	14 (10,7%)	14 (10,7%)	16 (12,1%)
9	18 жылдан 19 жылға дейін	4 (2,9%)	6 (4%)	10 (7,7%)	12 (7,7%)	10 (7,6%)
10	20 жылдан 25 жылға дейін	18 (12,9%)	13 (9,5%)	11 (8,5%)	15 (8,5%)	20 (15,1%)
11	26 жылдан 29 жылға дейін	10 (7,2%)	6 (4%)	8 (6,1%)	8 (6,1%)	5 (3,8%)
12	30 жылдан жоғары	13 (9%)	17 (12,4%)	17 (13,1%)	18 (13,1%)	19 (14,4%)
13	Барлығы %	139 (100%)	137 (100%)	130 (100%)	135 (100%)	132 (100%)

Гимназияның 2024-2025 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысына талдау

2024-2025 оқу жылында мектепті 1156 оқушы бітірді. Бастауыш сатысында (1-4 сын.) - 469 оқушы. Негізгі сатысында (5-9 сын.) - 532 оқушы, жоғары сатысында (10-11 сын.) – 155 білім алушы. Барлығы: 57 сынып, оның ішінде 43-қазақ тілінде оқитын, 14-орыс тілінде оқитын сыныптар.

Ағымдағы оқу жылын 251 оқушы үздік, 511 оқушы екпінді бітірді. Білім сапасының көрсеткіші 72,7 %-ды құрады.

Мектептің соңғы 3 жылдағы білім сапасының көрсеткіші:

- 2022-2023 оқу жылының қорытындысы 69,3% (-0,7%);
- 2023-2024 оқу жылының қорытындысы 72% (+2,6%);
- 2024-2025 оқу жылының қорытындысы 72,7% (+0,7%).

2024-2025 оқу жылының білім сапасы деңгейінің салыстырмалы кестесі

Буын	Сынып саны	Қанағаттанарлықсыз, төменгі деңгей (30% дейін)	%	Шектеулі деңгей (31% -50% дейін)	%	Қанағаттанарлық, жеткілікті деңгей (51% -	%	Оңтайлы, жақсы деңгей (81% -100% дейін)	%
Бастауыш саты	22	-	-	-	-	16	72,8	6	27,2
Негізгі саты	26	-	-	-	-	25	96,2	1	3,8
Жоғары саты	9	-	-	-	-	7	100	0	0

Қанағаттанарлықсыз, төменгі деңгей (30 % дейін)	Шектеулі деңгей (31 % -50 % дейін)	Қанағаттанарлық, жеткілікті деңгей (51 % -80 % дейін)	Оңтайлы, жақсы деңгей (81 %-100 % дейін)
		1. 2 «Ә» - 80% 2. 2 «В» - 79,2% 3. 2 «Г» - 73,3 %; 4. 3 «Ә» - 76 %; 5. 3 «Б» - 75%; 6. 3 «Г» - 79%; 7. 3 «Д» - 80,0 %; 8. 4 «Ә» - 76,2%; 9. 4 «В» - 70%; 10. 4 «Г» - 77%; 11. 4 «Д» - 72,2 %; 12. 5 «А» - 72 %; 13. 5 «Ә» - 70 %; 14. 5 «Б» - 72,7 %; 15. 5 «В» - 70 %; 16. 5 «Г» - 72,7 %; 17. 6 «А» - 66,7 %; 18. 6 «Ә» - 69,6 %; 19. 6 «В» - 66,7%; 20. 6 «Г» - 65,0 %; 21. 7 «А» - 74 %; 22. 7 «Ә» - 56 %; 23. 7 «Б» - 75 %; 24. 7 «В» - 70,8 %; 25. 7 «Г» - 63,2 %; 26. 7 «Д» - 66,7 %; 27. 8 «А» - 70,0 %; 28. 8 «Ә» - 59,1%; 29. 8 «Б» - 68,8 %; 30. 8 «В» - 57,7%; 31. 9 «А» - 69,6 %; 32. 9 «Ә» - 79%; 33. 9 «Б» - 62%;	1. 2 «А» - 90 %; 2. 2 «Б»- 92% 3. 3 «А» - 86,4 %; 4.3 «В» - 87,5%; 5. 4 «А» - 81%; 6. 4 «Б» - 82,6 %; 7. 6 «Б» - 85,7 %; Барлығы: 13,8 %

		34. 9 «В» - 73,3 %; 35. 9 «Г» - 64,3 %; 36. 9 «Д» - 56,5 %; 37. 10 «А» - 70,8 %; 38. 10 «Ә» - 77,8 %; 39. 10 «Б» - 65,2%; 40. 10 «В» - 72,2 %; 41. 10 «Г» - 72,2 %; 42. 11 «А» - 77,3 %; 43. 11 «Ә» - 80,0 %; 44. 11 «Б» - 58,3 %; Барлығы: 86,2 %	
--	--	--	--

Білім сапасы деңгейінің салыстырмалы динамикасы

Оқу жылдары	Төменгі деңгей (30 % дейін)	Шектеулі деңгей (31 % -50 % дейін)	Жеткілікті деңгей (51 % -80 % дейін)	Оңтайлы деңгей (81 %-100 % дейін)
2007/2008 о.ж.	20,5%	38,6%	56,8%	2,3%
2008/2009 о.ж.	18%	22%	56%	4%
2009/2010 о. ж.	21%	25%	45%	9%
2010-2011 о.ж.	19%	28%	47%	9%
2011-2012 о.ж.	13%	29 %	40%	18%
2012-2013 о.ж.	9%	28%	49%	14%
2013-2014 о.ж.	11,6%	25,6%	55,8%	7%
2014-2015 о.ж.	13,3 %	20 %	53,3 %	13,3%
2015-2016 о.ж.	15,2 %	17,4 %	54,3 %	13,0 %
2016-2017 о.ж.	4,2 %	23,4 %	66 %	6,4 %
2017-2018 о.ж.	6 %	12 %	74 %	8 %
2018-2019 о.ж.	1,9 %	5,8 %	80,3 %	11,7 %
2019-2020 о.ж.	0 %	1,8 %	67,9 %	30,1 %
2020-2021 о.ж.	1,8 %	0 %	74,5 %	12,7 %
2021-2022 о.ж.	2%	0 %	90 %	8%
2022-2023 о.ж.	0 %	0%	77,5%	12%
2023-2024 о.ж	0 %	0%	90,3 %	9,7%
2024-2025 о.ж	0 %	0%	86,2%	13,8%

2024-2025 оқу жылында Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясында

11-сыныпты 61 оқушы бітірді. Оның ішінде: қаңтар, наурыз айында ЖОО-ға ақылы негізде оқуға түсу үшін 49 оқушы, 47 оқушы мамыр-маусым айында республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын беру конкурсына қатысу үшін ҰБТ тапсырды. 14 мектеп бітіруші

мамыр-маусым айында ҰБТ тапсырудан бас тартты. ҰБТ-ң орташа балы – 89 құрады.

Соңғы 3 жылдағы ҰБТ қорытындылары:

Оқу жылдары Орташа балл Айырмашылығы

2022-2023 оқу жылы- 84,2 балл **-4,8**

2023-2024 оқу жылы- 94,8 балл **+10,6**

2024-2025 оқу жылы- 89 балл **-5,8**

«Алтын белгі» иегерлері: Абдіпатта Мейрамбек, Есенқожа Нұрдәулет, Мирзабай Айгерім, Мухамеджан Жанел, Сағындық Мерей, Серікбай Жания, Шахмаматов Мурат

Ерекше үлгідегі негізгі орта білім туралы аттестат иегері: Иса Нұрсұлтан, Рашид Алина, Бурханова Сона, Вахбиева Асима, Деева Анастасия, Ахметова Айгерім, Кочкумбаева Жұлдыз.

Мектеп бітірушілердің жұмыспен қамтылуы

Мектеп бітірушілер саны	ЖОО-на түскендер		Колледжге түскендер		ТМД және Шет елге оқуға түскендер		Оқуға түспегендер	Әскерге кеткендер
	Грант	Ақылы	Грант	Ақылы	Грант	Ақылы		
61	25	20	-	7	4	2	3	-

Қорыта келгенде соңғы жылдары гимназия оқушыларының білім сапасы тұрақты 65-73% аралығында, алайда алдымызға қойған мақсатымызға, яғни 75%-дан асыруға, әлі де жұмыс жүргізу керек. Жаңа оқу жылында оңтайлы деңгейдің көрсеткіштерін жоғарылатуымыз қажет.

Денсаулық жағдайына байланысты үйде оқытылатын оқушылармен жүргізілген жұмыстардың аналитикалық талдауы

«2024-2025 оқу жылында Жамбыл облыстық ПМПК орталығының 23.08.2024 жылғы, №0-730 қорытындысы, дәрігерлік-консультациялық комиссиясының анықтамасы және ата-ананың өтініші негізінде 10 «б» сынып оқушы Сексенбай Әлішер Есимжанұлы, Жамбыл облыстық ПМПК орталығының 30.10.2024 жылғы, №0-998 қорытындысы, дәрігерлік-консультациялық комиссиясының анықтамасы және ата-ананың өтініші негізінде 9 «г» сынып оқушысы Бупежанов Али және Жамбыл облыстық дәрігерлік-консультациялық комиссиясының 2024 жылдың 06 қарашасындағы №958 қорытындысы және ата-анасының өтініші негізінде 2025 жылдың 06 қарашасына дейін үйде оқытылуда.

Оқу жылына арналған жұмыс жоспары құрылып, білім алушылардың отбасылық жағдайын тексерілді. Оқушылардың оқу бұрышы және жеке бөлмесі бар, маусымдық киім-кешектері мен қажетті кеңсе тауарларымен қамтылған.

1.Сексенбай Әлішер Есимжанұлы толық емес, көп балалы отбасында тәрбиеленуде. Отбасының әлеуметтік жағдайы орташа. Мектеп кітапханашысының тарапынан барлық қажетті оқулықтармен қамтылды. Оқу жылының басында «Мектепке жол» республикалық акциясы аясында кеңсе тауарларымен қамтылды.

Тамыз айында сынып жетекшімен, ата-анамен әлеуметтік-педагогикалық кеңес берілді.Қыркүйек айында пән мұғалімдерге семинар-кеңес өткізіліп, нұсқаулықтар берілді.

Оқушылармен педагог психолог және әлеуметтік педагогтың тарапынан үнемі бақылауда және ата-анасымен байланыс орнатылып отырады.

«13-қазан Мүгедектігі бар адамдар күнін» өткізу бойынша Байзақ ауданы әкімінің орынбасары Р.Қасымовпен бекітілген іс-шаралар жоспарына сәйкес, Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясының әлеуметтік педагогтары инклюзивті біліммен қамтылған 10 «б» сынып оқушысы Сексенбай Әлішер Байзақ аудандық білім бөлімінің және көркем сурет балалар мектебінің ұйымдастыруымен сурет байқауына қатысты. Дипломмен марапатталып, мектеп әкімшілігі тарапынан сыйлық берілді. Талғатбек Бейбіт «жіліншік сүйектерінің көптеген сынықтары» диагнозымен 06.11.2024-06.03.2025 ж. күндері аралығында үйде оқытылды.

Оқушының әлеуметтік жағдайы жақсы, жеке бөлмесі, маусымдық киімі, оқулықтары мен сабақ оқу бұрышы бар. Оқушылардың отбасы мүшелерімен және ұстаздармен қарым-қатынасы жақсы. Оқушылар мен ата-аналардан сауалнама алынды.

Бупежанов Али толық емес отбасында тәрбиеленуде. Отбасының әлеуметтік жағдайы орташа. Сексенбай Әлішер Есимжанұлы толық емес, көп балалы отбасында тәрбиеленуде. Отбасының әлеуметтік жағдайы орташа. Қазан айында сынып жетекшілерімен, аналарына әлеуметтік-педагогикалық кеңес берілді. Қараша айында пән мұғалімдеріне семинар-кеңес өткізіліп, нұсқаулықтар берілді.

Оқушы мен ата-анадан сауалнама алынды. Бупежанов Алиге мектеп тарапынан оқу үстелі берілді. Мектеп кітапханашысының тарапынан барлық қажетті оқулықтармен қамтылды. Оқушыларға оқу жылының басында «Мектепке жол» республикалық акциясы аясында кеңсе тауарларымен қамтылды. Тамыз айында сынып жетекшімен, ата-анамен әлеуметтік-педагогикалық кеңес берілді. Қыркүйек айында пән мұғалімдеріне семинар-кеңес өткізіліп, нұсқаулықтар берілді.

Оқу жоспарына сәйкес *(Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 441 бұйрығына 50 қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8*

қарашадағы № 500 «Бастауыш, негізгі және орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарын бекіту» туралы бұйрығының негізінде, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 4 қыркүйектегі №441 бұйрығының 51-49 қосымшасы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының 75-73 қосымшасы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 25 ақпандағы № 61 бұйрығына 3- қосымшасы, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 6-1-қосымша негізінде бекітілген «Үйде оқитын білім алушыларға арналған негізгі орта білім берудің жұмыстық оқу жоспары» негізінде үйден оқитын оқушының оқитын пәндері анықталып, сабақты жүргізетін пән мұғалімдері мектепішілік бұйрықпен бекітілген. Жалпы Сексенбай Әлішер 19 сағат жүктемесімен, ал Бупежанов Али 10 сағат жүктемесімен Жалпы білім беру бағдарламасы бойынша білім алуды. Үйде оқытылатын оқушылардың сабақ кестесі аналарымен, мектеп психологымен келісіліп жасалынған. Аналарымен байланыс дәптері жүргізіліп, пән мұғалімдері өтілген сабақты тіркеп, әр сабақтың соңында анасына қол қойғызып, оқушының сабаққа дайындығы бойынша ескертулерін, ұсыныстарын жазып отырды. Пән мұғалімдері төмендегі құжаттарды (оқушы туралы толық мәлімет, оқушы дәптерлері, мінездемелер, сабақ кестесі, динамикалық даму күнделігі, сабақ жоспары, бақылау жұмыстары талдауымен, ата-анамен байланыс дәптері) әр мұғалімнің арнайы жеке пакасында жинақталған. Пән мұғалімдері бекітіліп, сабақ кестесіне сәйкес сабақтарын уақытылы өтілді. Әр пән мұғалімі баланың дамуы мен білім игеру сапасы жөнінде динамикалық бақылау күнделігін жүргізіп отыр. Қантар айында жоспарға сәйкес пән мұғалімдерімен **«Инклюзивті білім беру» тақырыбында мектепішілік семинар өтілді.** Оқушылардың жекелеген пәндерден БЖБ және ТЖБ тапсырмаларын жүргізу барысында оқушының ерекшелігін ескеріп жеңілдетілген тапсырмалардан құрастырылып орындады.

Ұсыныс: Оқушыға пән мұғалімдері денсаулығына байланысты, басына ауыртпаушылық түсірмейтіндей ойын түрінде сабақ өту және көңіл-күйін күнделікті бақылауда ұстау керек екендіктері ұсынылады.

Оқушы анасының қамқорлығында болғандықтан сынып жетекшісімен тығыз байланыста болып, көңіл-күйіндегі өзгерістер жайлы күнделікті хабардар ету. Қандайда бір мінез-құлқында ауытқушылықтар болған жайдайда сынып жетекшісіне хабардар ету.

Ұсыныс:

1. Ата-аналармен тығыз байланыс жасау.
2. Оқушыға әлеуметтік, психологиялық қолдау көрсету.

2024-2025 оқу жылында ерекше оқытуды қажет ететін оқушылармен жүргізілген жұмысқа аналитикалық талдау

2024-2025 оқу жылында облыстық ПМПК орталығының 30.07.2024 жылғы, №0-643 қорытындысы, дәрігерлік-консультациялық комиссиясының

анықтамасы және ата-ананың өтініші негізінде 4 «г» сынып оқушы Жүребек Ернар инклюзивті білім алды.

Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың оқуға дайындығын тексеру барысында «Мектепке жол» республикалық акциясы аясында рейдтік жұмыстар жүргізіліп, ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың сабаққа дайындығы бақыланып оқушының оқу жылына толық дайындығы анықталды. Жұмыстың түзетушілік-дамытушылық бағыты. Мектеп психологы Байдуалы А. Инклюзивті оқушыны зерттей келе, мінездеме беріліп, темперамент типі анықталды. Инклюзивті оқушының шығармашылығын және өзіндік бағалауын анықтау мақсатында сұрақ-жауап, «Фототерапия», «Отбасы суреті» проективті әдіс арқылы анықталып пән мұғалімдеріне, сынып жетекшілерге кеңестер берілді.

Жұмыстың жалпы білім берушілік бағыты: ерекше оқытуды қажет ететін балалармен жұмыс жүргізудегі басты мақсат- балалардың әрбір жас кезеңіне тән олардың танымдық белсенділігін дамыту, сондай-ақ баланың жеке басының мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін ескере отырып мектепте оқуға даярлау. Осы мақсатта мектеп психологы пән мұғалімдерімен бірге ерекше оқытуды қажет ететін балалармен үздіксіз жұмыс жүргізіп отырды. Пән мұғалімдері ерекше оқытуды қажет ететін балалардың ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып әр сабақта және БЖБ және ТЖБ тасырмалары жүргізу барысында жеңілдетілген түрде берілуі ескертілді

«13-қазан Мүгедектігі бар адамдар күнін» өткізу бойынша Байзақ ауданы әкімінің орынбасары бекітілген іс-шаралар жоспарына сәйкес, Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясының әлеуметтік педагогтары инклюзивті біліммен қамтылған 4 «г» сынып оқушысы Жүребек Ернардың сыныбымен «Сүйіспеншілікке толы жүрек» тақырыбында іс-шара өткізілді.

Іс-шара оқушылардың достық қарым-қатынасын нығайтып, инклюзивті оқушының сынып өміріне белсене қатысуына ықпал етті. Барлық оқушылар бір-біріне қолдау көрсету мен мейірімді болудың маңыздылығын түсінді.

Осы жоспар аясында, Ернар мұражай көрмесіне қатысты. Мұражайда Ернарға тарихи оқиғалар мен мәдени мұралар туралы терең түсінік алуға мүмкіндік берді. Оқушының жаңа пәндерге, өнерге, ғылымға және басқа салаларға қызығушылығын арттыра алды. Бұл оның жалпы білім деңгейін көтеріп, әлемді тануға ынталандырды.

Байзақ аудандық білім бөлімінің және көркем сурет балалар мектебінің ұйымдастыруымен сурет байқауына қатысты. Дипломмен марапатталып, мектеп әкімшілігі тарапынан сыйлық берілді.

Мектеп әкімшілігі, педагог психолог және әлеуметтік педагогтың тарапынан үнемі бақылауда және ата-анасымен байланыс орнатылып отырады.

Оқушыны жаңа жылымен құттықтау мақсатында, мектеп әкімшілігінің атынан сыйлық жасалып, оқушының отбасын құттықтадық.

Оқушылардың отбасы мүшелерімен және ұстаздармен қарым-қатынасы жақсы. Оқушы мен ата-анадан сауалнама алынып, нәтижесі жақсы.

Инклюзивті білім алатын оқушылармен жүргізілген әлеуметтік педагогикалық жұмыстар өз нәтижесін берді. Оқушылардың білім алуға деген қызығушылығы мен әлеуметке бейімделуі қалыпты деңгейде. Алдағы уақытта да бұл бағыттағы жұмыстар жалғасын табатын болады.

Мектеп психологы, әлеуметтік педагог, сынып жетекшілері оқушымен үнемі үздіксіз жұмыс жүргізіп, айын бір рет үйіне барып сұхбаттасып АКТ толтырылды.

Ұсыныс:

1. Ерекше оқытуды қажет ететін балаларға сабақ беретін пән мұғалімдерін арнайы курстардан өткізу;

2. 2025-2026 оқу жылында Шукурбек Мирасқа сабақ беретін мұғалімдерге көмек көрсету мақсатында түзете-дамыту орталығымен бірлесіп жұмыс жүргізу

Әдістемелік жұмысқа талдау

2024-2025 оқу жылы

Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясының оқу-тәрбие жұмыстарын жүйелеу, білім саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру, Назарбаев Зияткерлік мектептері тәжірибесін енгізу, насихаттау және тарату, гимназияның даму бағыттарын нақтылау, мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыру арқылы ұжым жұмысының сапасын арттыру, оқушылардың білім сапасын дамыту мақсатында 2024 жылдың 26 қаңтар күнгі № 4 педагогикалық кеңесте «Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын дамыту бағдарламасының құрылымын және оны әзірлеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 28 тамыздағы № 273 бұйрығын басшылыққа ала отырып, 2024-2029 жылдарға арналған «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Байзақ ауданының білім бөлімінің Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесін дамыту бағдарламасы әзірленіп, бекітілді.

Гимназияда барлық әдістемелік жұмыстар гимназияның дамыту бағдарламасының «Заманауи мектеп» кешенді жоспарының «Шебер ұстаз» жобасы арқылы жүзеге асырылады.

“Заманауи мектеп” кешенді жоспарының “Шебер ұстаз” жобасы

Пайымдау: Заманауи білім дағдылары мен мектеп құндылықтарын меңгерген түлектеріміз: рухани кемелденген, елжанды, бәсекеге қабілетті жаңашыл әрі дара тұлға ретінде мемлекет дамуына үлес қосады.

Миссия: Мемлекеттің дамуына үлес қосатын, көптілді және рухани кемелденген, саламатты тұлға қалыптастыру.

Әдістемелік тақырыбы:

Жаңартылған мазмұнда білім беру жағдайында Назарбаев Зияткерлік мектептерінің тәжірибесін енгізу арқылы мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыру.

Мақсаты: Заманауи педагогикалық зерттеу дағдыларын меңгеріп, мектеп оқушыларының сапалы білім алуын қамтамасыз ететін, үздіксіз кәсіби дамитын, шебер ұстаз қалыптастыру

Міндеттері:

- Педагогтардың біліктілігін жетілдіруі мен үздіксіз дамуына басшылық жасау;
- Мектептің даму бағдарламасын жоспарлауға және жүзеге асыруға педагогтардың белсенді қатысуын қамтамасыз ету;
- Мемлекеттік білім беру стандарты мен оқу бағдарламаларының жүзеге асырылуын қадағалау;
- Қол жеткізілген нәтижелер мен даму деңгейі үдерісіне сараптау жасап, шығармашылық жұмысқа қолдау көрсету,
- Озық педагогикалық тәжірибенің таратылуын ұйымдастыру және қолдау,
- Кәсіби дамуды әдістемелік қолдау арқылы үздіксіз жетілуді қамтамасыз ету,
- Оқушылардың сапалы білім алуын қамтамасыз ету.

Күтілетін нәтиже:

- Педагогтардың біліктілігін жетілдіруі мен үздіксіз дамуы қамтамасыз етіледі;
- Мектептің даму бағдарламасын жоспарлауға және жүзеге асыруға педагогтар белсенді қатысады;
- Мемлекеттік білім беру стандарты талаптары мен оқу бағдарламалары орындалады;
- Қол жеткізілген нәтижелер мен даму деңгейі үдерісіне сараптау жасалып, шығармашылық жұмысқа қолдау көрсетіледі;
- Озық педагогикалық тәжірибе таратылып, мұғалімдердің кәсіби шеберлігі шыңдалады;
- Оқушылардың сапалы білім алуы қамтамасыз етіледі.

«Шебер ұстаз» жобасының құрылымы:

«Шебер ұстаз» жобасы шеңберінде гимназиядағы әдістемелік жұмыстар негізгі бес бағытта жүргізіледі:

1. «Жаңару» пән бірлестігі қауымдастығы.
2. «Озық тәжірибе» педагогикалық зертхана.
3. «Жас маман мектебі».
4. «Жетекші мектеп» желілік қауымдастық.
5. «Көшбасшы» даму командасы.

Аталған бес бағыт гимназияда жүргізілетін әдістемелік жұмыстардың түрлі саласын тұтас қамтитын болады:

I. “Жаңару” пән бірлестігі қауымдастығы:

1. Бастауыш пәні мұғалімдерінің бірлестігі.
2. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің бірлестігі.
3. Ағылшын тілі пәні мұғалімдерінің бірлестігі.
4. Орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің бірлестігі.
5. Тарих, география және өзін-өзі тану пәні мұғалімдерінің бірлестігі.
6. Математика, информатика және физика пәні мұғалімдерінің бірлестігі.
7. Химия және биология пәні мұғалімдерінің бірлестігі.

8. Даму пәндері мұғалімдерінің бірлестігі.
II. “Озық тәжірибе” педагогикалық зертхана:

1. Кәсіби біліктілікті арттыру курстары.
2. Педагогтарды аттестаттау.
3. Шеберлік сыныбы.
4. Кәсіби байқаулар.
5. Педагогтардың кәсіби еңбегінің рейтингі.
6. Жылдық шығармашылық есеп.

III. “Жас маман мектебі”:

1. Тәлімгерлік.
2. Шеберлік сыныбы.
3. Семинар-практикум.
4. “Жас маман” декадасы.
5. Жылдық шығармашылық есеп.

IV. “Жетекші мектеп” желілік қауымдастық:

1. Серіктес мектептерді әдістемелік қолдау.
2. Озық іс-тәжірибелер шеруі.
3. Оқу үдерісіне жаңа әдіс-тәсілдерді енгізуді әдістемелік қолдау.
4. Мектепаралық ынтымақтастық.
5. Қоғамдастықта жұмыс істеу.

V. “Көшбасшы” даму командасы:

1. Әдістемелік кеңес.
2. Мектепті дамыту жоспары.
3. Тәлімгерлік үдерісі.
4. Коучинг-сессия үдерісі.
5. Іс-әрекеттегі зерттеу.
6. Сабақты зерттеу.

«Жаңару» пән бірлестігі қауымдастығы

2024-2025 оқу жылында гимназияда пән мұғалімдерінің төмендегі бірлестіктері жұмыс атқарды:

1. Бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігі.
2. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігі.
3. Ағылшын тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігі.
4. Орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігі.
5. Математика және информатика пәні мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігі.
6. Жаратылыстану пәндері мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігі.
7. Тарих және өзін-өзі тану пәні мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігі.
8. Дене шынықтыру, көркем еңбек және музыка пәні мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігі.

1990 жылдарда қалыптасқан мектептің кадрлық құрамы ұжымның негізін құрайды. Осы құрамның жұмысы барысында мектептің негізгі құндылықтары айқындалып, пән мұғалімдерінің кәсіби өсуіне оңтайлы орта пайда болды. Командалық жұмыс принциптері қалыптасты.

Жылдар бойы жинақталған тәжірибе және оқу-тәрбие үдерісін оңтайлы деңгейге жеткізуге деген құлшыныс, білім беру ісіне жаңа міндеттердің қойылуы мектеп әкімшілігін кадрлық саясатқа жаңа талаптар қоюға жетеледі:

- педагогикалық ұжымды бір мақсатқа біріктіру;
- жұмыс тәртібін белгілейтін нормативтік-құқықтық құжаттармен белсенді жұмыс;
- мектеп ұжымын жасарту және сапасын арттыру;
- нақты талаптар мен міндеттер қою және бақылауды жүргізу;
- педагогтардың біліктілігін арттыру жұмыстарын жүйелі жүргізу;
- сапалы және нәтижелі жұмыс істеуге жетелейтін орта қалыптастыру;
- қазіргі кезде мектеп штаттық кестеге сәйкес кадрлармен қамтамасыз етілген;
- ағымдағы кезеңде бірінші және жоғары санатты мұғалімдердің үлесі қалыпты жоғары деңгейде.

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары	Даму мүмкіндігі
Педагогикалық құрамның сапасының тұрақты дамуы	Мұғалімдердің өзінің педагогикалық тәжірибесіне кері байланыс беруінің төмендігі	Іс-әрекеттегі зерттеу және сабақты зерттеу жұмыстарын шынайы тұрғыдан енгізу арқылы мұғалімдердің қауымдастық шеңберінде кәсіби біліктілігін арттыру
Педагогтың өзін-өзі дамытуға, біліктілігін жетілдіруге жағымды ортаның болуы	Озат тәжірибе тарату механизмдерінің әлсіздігі	Шығармашылық топтардың жұмысын жандандыру, коучингтер мен тренингтерді жүйелі түрде өткізу. Назарбаев Зияткерлік мектептерінің іс-тәжірибесін енгізу
20 жылдан астам жұмыс өтілі бар тәжірибелі мұғалімдер үлесінің 33,3 %-ды құрауы	Педагогтердің сапалық құрамының тұрақсыздығы	Педагогтердің кәсіби біліктілігін дамытудың мектепшілік моделін қалыптастыру

Мектептің кадрлық әлеуетін оңтайландыру жолдары

- педагогтардың әлеуметтік, тұлғалық және кәсіби құзіреттіліктерін дамытуға жағдай жасау;
- болашақта оқу-тәрбие жұмыстарын дамытуға, оқу-тәрбие жұмыстарына жаңалықтар енгізуге мүмкіндік беретін білікті кадр қорын дайындау;
- педагогтардың еңбегін моральдік және материалдық тұрғыдан марапаттауға мүмкіндік беретін басымдықтарды үйлестіру;
- әкімшілік құрамның біліктілігін көтеруін ұйымдастыру (деңгейлік курстарда);
- мектепті басқарудың сапасын жақсарту және мұғалімдердің біліктілігін арттыру мақсатында басқару жұмыстарына мұғалімдерді тарту;
- АКТ бойынша мұғалімдердің біліктілігін жетілдіру;
- сабақтың сапасын арттыру жұмыстарын жалғастыру.

Мектептің кадрлық құрамына SWOT сараптама

Кадрлық ресурстар			
Ішкі мықты жақтары	Ішкі осал жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
Педагогтердің жалпы санынан жоғары және бірінші санатты және педагог-шебер, педагог-зерттеуші, педагог-сарапшы біліктілігі бар педагог қызметкерлердің үлесі – 63 %.	«2024-2029 жылдарға арналған «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Байзақ ауданының білім бөлімінің Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесін дамыту бағдарламасындағы» нысаналы индикатордың межесі бойынша 2024 жылы мектепте педагогтердің жалпы санынан жоғары және бірінші санатты және педагог-шебер, педагог-зерттеуші, педагог-сарапшы біліктілігі бар педагог қызметкерлердің үлесі – 75 %-ды құрауы тиіс еді.	Мұғалімдердің біліктілігін арттыруға бағытталған нақты жобаларды жүзеге асыру: 1. Сабақты зерттеу (LS) жұмыстарын жалғастыру. 2. Озат тәжірибе тарату жобасын «Шебер ұстаз шеберханасы» жүзеге асыру. 3. «Цифрлы гимназия» жобасы аясында педагогтердің кәсіби бәсекелестігін арттыру мақсатында кәсіби тиімділік рейтингін енгізу. 4. «Цифрлы гимназия» жобасы аясында педагогтердің «Цифрлы портфолио» жұмыс терезелерінің жұмысын жүйелеу.	1. Сабақты зерттеу (LS) қорытындылары бойынша кәсіби мақалалар мен әдістемелік ұсынымдар дайындау жұмыстарын жүйелеу. 2. «Цифрлы гимназия» жобасы аясында педагогтердің «Цифрлы портфолио» жұмыс терезелерінің жүргізілуін үнемі мониторингілеу арқылы тиісті ұсынымдар беру.
Педагогикалық құрамның сапасының тұрақты дамуына алғышарттардың болуы	Педагогикалық технологияларды жүйелі қолданудың жоқтығы	Деңгейлік біліктілігін жетілдіру курстарымен қамту	Педагогтар уәжінің төмендігі, басқару жүйесінің тиімсіздігі
Педагогтың өзін-өзі дамытуға, біліктілігін жетілдіруге жағымды ортаның болуы	Озат тәжірибе тарату механизмдерінің әлсіздігі	Шығармашылық топтардың жұмысын жандандыру, коучингтер мен тренингтерді жүйелі түрде өткізу.	Тиімді үйлестірудің болмауы
20 жылдан астам жұмыс өтілі бар тәжірибелі мұғалімдердің 30,4%-ды құрап, жас мамандар мен тәжірибелі мұғалімдердің арасында кәсіби сабақтастықтың болуы.	Озық педагогикалық тәжірибені тарату механизмдерінің тиімсіздігі	Сабақты зерттеудің (LS) және «Е-мектеп» жобасының мүмкіндіктерін тиімді пайдалану.	Іс-шаралардың науқандық сипат алуы

«Озық тәжірибе» педагогикалық зертхана

Оқушыларды ХХІ ғасыр дағдыларына қарай икемдеу, проблемаларды шеше білу дағдысын, сын тұрғысынан ойлауды, іскерлікті және креативтілікті игерту үшін, ең алдымен, мұғалімнің өзінде мықты пәндік және педагогикалық білім болуы, сонымен қатар маңызды құндылықтар жүйесі қалыптасуы тиіс. Тек құзырлы мұғалімдер ғана білім берудің қуатты жүйесін құра алады.

Біліктілікті арттырудың дәстүрлі жүйесінде педагогтар біліктілігін арттыру курстарында тыңдаушы ретінде теориялық білім алу арқылы білімдерін тәжірибеде жүзеге асыратыны баршамызға аян, яғни теориядан тәжірибеге бағытталады.

Сабақты зерттеу негізіндегі мектептің біліктілікті арттыру жүйесінде тәжірибеден теорияға бағытталған. Педагог өз тәжірибесіндегі проблеманы анықтау арқылы, өз бетінше және қауымдастықта теориялық білімін жетілдіріп, проблеманы шешудің жолдарын іздейді, яғни эмпирикалық білім алады, теорияны практикамен ұштастырып отырады. Соның нәтижесінде тәжірибе теориялық білімге ұласады.

Сондықтан Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясында Назарбаев Зияткерлік мектептерінің тәжірибесін енгізе отырып, сабақты зерттеу негізіндегі мұғалімдердің біліктілігін арттыру жүйесін құру жұмыстары қолға алынды. Себебі гимназия мұғалімдерінің кәсіби біліктілік деңгейі мен мектепте мұғалімдер қауымдастығында қалыптасқан көшбасшылық орта мен ұжымның әлеуеті бұл жұмысты жүргізуге толық мүмкіндік берді. Өйткені, гимназияда іс-әрекетті зерттеу мен сабақты зерттеу бойынша озық тәжірибе тарату мақсатында облыс көлемінде 5 семинар ұйымдастырылған.

Мектепте біліктілікті арттырудың нәтижесі ретінде төмендегілерге қол жеткіземіз:

1. Мұғалімнің және оқушының санасына өзгерістер енеді.
2. Мектепте инновациялық үдерістерді қолдау жасалады.
3. Зерттелуші субъектілердің іс-әрекетінде сапалық өзгерістер болады.
4. Білім беру жүйесінің озық іс-тәжірибелерін меңгеру және тарату жүзеге асады.
5. Түрлі деңгейдегі тәжірибе бөлісу семинарлары ұйымдастырылады.
6. Кәсіби зерттеу мақалалары жарияланады.
7. Кәсіби байқауларға қатысады.

Гимназияда авторлық бағдарлама мен әдістемелік әзірлеме дайындайтын мұғалімдерге үнемі қолдау жасалады.

Гимназияда авторлық бағдарлама мен әдістемелік әзірлеме дайындайтын мұғалімдерге үнемі қолдау жасалады. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде 2024-2025 оқу жылында 35 педагогтің 29 авторлық жұмыстары аудандық білім бөлімінің әдістемелік кеңесіне ұсынылды:

№	ТАӘ	Пәні	Жұмыстың атауы
---	-----	------	----------------

1	Жамалова Айзада Камалдиновна	бастауыш сынып мұғалімі	«Оқу және жазу сауаттылығы» 2-сыныптарға арналған
2	Болысбекова Зарина Шаяхметовна	бастауыш сынып мұғалімі	«Математика және логика» 3-сынып
3	Ганиева Айгуль Туремуратовна	бастауыш сынып мұғалімі	«Жас зерттеуші»
4	Алпысбаева Назым Умыралиевна	бастауыш сынып мұғалімі	Бастауыш сыныптарға арналған ғылыми жобаларды әзірлеу: TEDX форматындағы шабыт
5	Имамбекова Айнұр Сериқовна	бастауыш сынып мұғалімі	Бастауыш сыныптарға арналған ғылыми жобаларды әзірлеу: TEDX форматындағы шабыт
6	Турапбаева Айгерим Тулендиевна	көркем еңбек пәні мұғалімі	«Мамандықтар әлемінде» 9-сыныпқа арналған таңдау курсының бағдарламасы
7	Нурбаева Динара Досетовна	орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі	«Трудные случаи орфографии и синтаксиса» 10-11 сыныптарға арналған элективті курс бағдарламасы
8	Абдраманова Индира Сапарбековна	ағылшын тілі пәні мұғалімі	«Easy alphabet» 3-сыныпқа арналған оқу-әдістемелік құрал
9	Сулейманова Асель Сериқовна	тарих пәні мұғалімі	«Қазақстан тарихы пәнін оқытуда жобалау әдісін қолданудың тиімділігі» оқу-әдістемелік құрал
10	Кульбаева Дана Торебековна	информатика пәні мұғалімі	«Робототехника» 6-сыныпқа арналған авторлық бағдарламасы
11	Бейбитова Анар Бокеевна	қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі (орыс тілінде оқитын сыныптарда)	«Ертегі желісімен эссе жазу» 5- сыныптарға арналған авторлық бағдарламасы
12	<i>Рамазанов Сергей Нариманович, Лесбекова Жұлдыз Жанатқызы, Молдахалыкова Шамшат Толендиевна</i>	директордың орынбасарлары	«Жас педагогтерді әдістемелік қолдау: тәлімгерлік және кәсіби өсу» әдістемелік нұсқаулық
13	Рамазанов Сергей Нариманович	қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі	«Қазақ тілі сабағында іс-әрекеттегі зерттеу жүргізу әдістемесі» әдістемелік нұсқаулық
14	Бейбитова Анар Бокеевна	қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі	«Ертегі желісімен эссе жазу» авторлық бағдарлама
15	Утегенова Шырынкул Берикбаевна Жунисова Роза Қалдыбековна	қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері	«Сөз таптарын мәтін арқылы меңгертуге арналған тапсырмалар жинағы» әдістемелік құрал
16	Кожаметова Замира Рахметкуловна	бастауыш сынып мұғалімі	«Ақылдылар академиясы – математикалық сауаттылық әлемі» 3-сыныпқа арналған авторлық бағдарлама
17	Майсупова Карлыгаш	бастауыш сынып	«Жаратылыстану әлемі» 4-

	Ербосыновна	мұғалімі	сыныпқа арналған авторлық бағдарлама
18	Альменова Асем Сауытбековна, Серкебекова Эльвира Мейрамбековна	ағылшын тілі пәні мұғалімдері	«Grammar without borders: How AI makes learning English accessible and fun» авторлық бағдарлама
19	Сабирбаева Феруза Эргалиевна, Кабакбаева Нуржамол Боранбаевна	ағылшын тілі пәні мұғалімдері	«English grammar in schemes (tables)» әдістемелік ұсыным
20	Сабирбаева Феруза Эргалиевна, Кабакбаева Нуржамол Боранбаевна	ағылшын тілі пәні мұғалімдері	Тыңдалым барысында жылдам жазу техникасын қолдану» әдістемелік ұсыным
21	Кенбаева Зульфия Худойбергеновна	орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі	«Развитие письменной речи школьников» әдістемелік құралы
22	Егисинова Гульназ Бахытовна	орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі	«Функциональная грамотность как цель современного урока русского языка в казахстанской школе» әдістемелік құралы
23	Нурбаева Динара Досетовна	орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі	«Трудные случаи орфографии и синтаксиса» 10-11 сыныптарға арналған элективті курс бағдарламасы
24	Лесбекова Жулдыз Жанатовна	химия пәні мұғалімі	«Тек бізде ғана: Жамбыл облысының эндемикалық биоәлемі» 7-сыныпқа арналған авторлық бағдарламасы
25	Рахметкулқызы Мөлдір	химия пәні мұғалімі	«Химия және материалтану» 11-сынып оқушыларына арналған авторлық бағдарлама
26	Абдукаймова Айгуль Муталиповна	дене шынықтыру пәні мұғалімі	«Дене шынықтыру сабақтарындағы қауіпсіздік ережелері» әдістемелік құралы
27	Примкулова Гаухар Секеновна	математика пәні мұғалімі	«Математикалық сауаттылық тапсырмаларын қолдану арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығы мен сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру» 9-сынып оқушыларына арналған авторлық бағдарлама
28	Кульбаева Дана Торебековна	информатика пәні мұғалімі	«Жасанды интеллект» 7-сынып оқушыларына арналған авторлық бағдарлама
29	Сейтханова Салима Дихановна	бастауыш сынып мұғалімі	"Жаратылыстану пәнінде зерттеу әдістерін қолдану ерекшеліктері" әдістемелік нұсқаулық

Ұсынылған жұмыстардың ішінде 16 педагогтің жұмыстары облыс көлемінде таратылды.

Мұғалімдердің баспаға материал жариялау көрсеткіші

№	Деңгейі	2020-2021	2021-2022	2022-2023	2023-2024	2023-2024
1	облыстық	5	-	-	-	28
2	республикалық	45	50	31	30	66
3	халықаралық	6	-	8	-	64

Мұғалімдердің түрлі деңгейдегі семинарлар мен конференцияларда өз іс-тәжірибесімен бөлісу көрсеткіші

№	Деңгейі	2020-2021	2021-2022	2022-2023	2023-2024	2024-2025
1	аудандық	35	3	13	22	21
2	облыстық	18	18	82	34	26
3	республикалық	6	12	9	36	66
4	халықаралық	8	10	20	64	64
5	Барлығы	67	43	124	156	47

Мұғалімдердің түрлі байқаулар мен зияткерлік жарыстарға қатысу көрсеткіші

Деңгейі	2020-2021 оқу жылы											
	аудандық			облыстық			республикалық			халықаралық		
Орындар	I орын	II орын	III орын	I орын	II орын	III орын	I орын	II орын	III орын	I орын	II орын	III орын
Мұғалімдер саны	27	14	5	4	12	16	20	20	10	5	2	3
Барлығы:	46			32			50			10		

Деңгейі	2021-2022 оқу жылы											
	аудандық			облыстық			республикалық			халықаралық		
Орындар	I орын	II орын	III орын	I орын	II орын	III орын	I орын	II орын	III орын	I орын	II орын	III орын
Мұғалімдер саны	17	19	31	3	6	7	3	1	3	-	-	-
Барлығы: 137	67			16			7			-		

Деңгейі	2022-2023 оқу жылы											
	аудандық			облыстық			республикалық			халықаралық		
Орындар	I орын	II орын	III орын	I орын	II орын	III орын	I орын	II орын	III орын	I орын	II орын	III орын
Мұғалімдер саны	19	26	10	5	11	10	64	6	3	2	3	1
Барлығы: 130	55			26			73			6		

Деңгейі	2023-2024 оқу жылы											
	аудандық			облыстық			республикалық			халықаралық		
Орындар	I орын	II орын	III орын	I орын	II орын	III орын	I орын	II орын	III орын	I орын	II орын	III орын
Мұғалімдер саны	9	7	3	2	6	6	16	23	8	-	-	-
Барлығы: 135	19			14			47			-		

Деңгейі	2024-2025 оқу жылы											
	аудандық			облыстық			республикалық			халықаралық		
Орындар	I орын	II орын	III орын	I орын	II орын	III орын	I орын	II орын	III орын	I орын	II орын	III орын
Мұғалімдер саны	9	8	3	3	6	5	15	25	8	-	-	-
Барлығы: 132	20			14			48			-		

Педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру

2024-2025 оқу жылында төмендегі мұғалімдерді біліктілігін жетілдіру курсына жіберуге сұраныс берілді.

№	Педагогтің аты-жөні	Педагогикалық еңбек өтілі	Соңғы курстан өткен мерзімі
1.	Асанова Гүлімжан Әлімбетқызы	6	
2.	Усенова Бахтыгул Каримбергеновна	24	10.07.2020
3.	Ерманова Маржан Балташовна	14	
4.	Шебей Салават Әріпханұлы	5	09.09.2020
5.	Салимова Азиза Азизовна	38	22.12.2020
6.	Нурбаева Динара Досетовна	24	30.10.2020
7.	Жунисова Роза Қалдыбековна	21	26.12.2018
8.	Бейбитова Анар Бокеевна	24	02.03.2018
9.	Туганбаева Акмарал Ахметқызы	9	02.09.2020
10.	Омарова Казима Бауржановна	16	01.07.2019
11.	Саменова Назгул Кенесбекқызы	13	19.10.2020
12.	Джолшибеков Лазо Мейрханович	11	17.06.2019
13.	Жумалиев Талғат Бердимуротұлы	3	

Қысқа мерзімді білімін жетілдіру курсынан өткен мұғалімдердің үлесінің мониторингі

№	2020-2021		2021-2022		2022-2023		2023-2024		2024-2025	
	саны	%	саны	%	саны	%	саны	%	саны	%

1	27	19,4	51	37,2	45	34,6	60	44,4	50	37,8
---	----	------	----	------	----	------	----	------	----	------

2024-2025 оқу жылында гимназияның 37,8 % педагогі қысқа мерзімді біліктілігін жетілдіру курстарында оқыды. Мектептің 108 (81,8%) педагогі соңғы үш жылда біліктілікті арттыру курстарынан өткен, қалған 24 (18,1%) педагогі жаңа оқу жылында біліктілікті арттыру курстарымен қамту жоспарланып отыр.

Сабақты зерттеу жұмыстарының талдауы

2024-2025 оқу жылында мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыру және оқушылардың білім сапасындағы олқылықтарды жою мақсатында мектепшілік әдістемелік жоспарға сәйкес сабақты зерттеу топтарын құру жоспарланып отыр. Осы мақсатта 21 қаңтар күні бірлестік жетекшілерімен кеңес өткізіліп, тиісті тапсырмалар берілді. Қыркүйек айының екінші аптасынан бастап проблемалық тақырыптарды анықтау бойынша диагностикалық жұмыстар жүргізілді. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде 3 зерттеу тобы құрылып, үйлестірушілер мен модераторлар бекітілді.

1) Топ модераторы: Диханбаева Жанаркул Шабденбековна;

Топ мүшелері: 1) Ганиева Айгуль Туремуратовна;

2) Майсупова Карлыгаш Ербосыновна.

3) Болысбекова Зарина Шаяхметовна;

2) Топ модераторы: Уразалиева Асетай Нургалиевна

Топ мүшелері: 1) Садуова Сауле Сапабековна;

2) Шплецер Елена Владимировна.

3) Бондарь Лола Вагифовна;

3) Топ модераторы: Кожаметова Замира Рахметкуловна

Топ мүшелері: 1) Кусемисова Сания Колдибаевна;

2) Хайтбаева Рая Пулатқызы.

3) Султекенова Алтынгуль Кариевна;

Сонымен қатар іс-әрекеттегі зерттеу жұмыстары да ұйымдастырылып, гимназия директорының бұйрығымен төмендегі мұғалімдер іс-әрекеттегі зерттеу жүргізді:

1) Алпысбаева Назым Умыралиевна – бастауыш сынып мұғалімі.

2) Нахмедова Наргиза Куватовна – бастауыш сынып мұғалімі.

3) Имамбекова Айнур Сериковна – бастауыш сынып мұғалімі.

Жүргізілген жұмыстардың нәтижесі бойынша 2025 жылдың 10 сәуір күні «Сабақты зерттеу барысында мұғалімдердің бақылау дағдыларын дамыту және іс-әрекеттегі зерттеудің тиімді әдістері» тақырыбында аймақтық семинар-практикум өткізілді. Іс-шараға облыс орталығы Тараз қаласы мен аудандардан 55 педагог қатысып, тәжірибе бөлісті.

Озық іс-тәжірибелерді тарату жұмыстарының талдауы

Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясында 2024-2025 оқу жылында озық іс-тәжірибе тарату жұмыстары жоспарға сай жүргізілді. Сонымен қатар «Е-мектеп» жобасы аясында озық іс-тәжірибе таратудың «Шебер ұстаз» атты

сандық жобасы дайындалып, 4 педагог-шебердің тәжірибесі сандық форматта таратылды (<http://gmonline.kz/>). ОПТ сандық форматта мектептің сайтында сақталған.

Мектеп мұғалімдері іс-шараларға қатысып, жыл бойы түрлі деңгейде тәжірибелерін таратты:

- халықаралық деңгейде 64 педагог;
- республикалық деңгейде 66 педагог;
- облыстық деңгейде 26 педагог;
- аудандық деңгейде 21 педагог өз тәжірибелерімен бөлісті.

«Цифрлы мектеп» жобасы аясында педагогтердің кәсіби дауымын цифрлық технологиялар арқылы қолдау «Шебер ұстаз» жобасы «Ашық сабақ» жобасы «Креативті педагог академиясы» жобасы, «Жас маман күнделігі» жобасы аясында жүзеге асырылады. Педагогтер цифрлы алаңда өздерінің озат іс-тәжірибелерімен бөлісіп, жас педагогтердің кәсіби дамуына мүмкіндік жасалған.

Гимназияда 2024 жылдың 6 желтоқсан күні «Білім беру процесін цифрлық трансформациялау: жасанды интеллект мүмкіндіктері» аудандық тәжірибелік семинар, 2025 жылдың 10 сәуір күні «Сабақты зерттеу барысында мұғалімдердің бақылау дағдыларын дамыту және іс-әрекеттегі зерттеудің тиімді әдістері» тақырыбында аймақтық семинар-практикум өткізілді.

III. Педагог кадрларды аттестаттау жұмыстары

2024-2025 оқу жылында педагогтерді аттестаттау жұмыстары «Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына сәйкес жүргізілді. Гимназияда 15 педагог аттестаттаудан өтті.

Тиісті деңгейдегі аттестаттау комиссияларының шешіміне сәйкес төмендегі мұғалімдерге тиісті санат берілді:

№	Аты-жөні	Пәні	Өзінде бар санаты	Өтініш беретін санаты	Бекіту/р астау	Бекітілген, берілген біліктілік санаты
1	Рамазанов Сергей Нариманович	қазақ тілі мен әдебиеті (қазақ тілінде оқитын сыныптарда)	педагог-зерттеуші	педагог-зерттеуші	растау	педагог-зерттеуші
2	Курбанов Мурат Сапарбаевич	Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәні мұғалімі	педагог-зерттеуші	педагог-зерттеуші	растау	педагог-зерттеуші

3	Кульбаева Дана Торебековна	информатика	педагог- зерттеуші	педагог- зерттеуші	растау	педагог- зерттеуші
4	Кенбаева Зульфия Худойбергеновна	орыс тілі мен әдебиеті (қазақ тілінде оқитын сыныптарда)	педагог- зерттеуші	педагог- зерттеуші	растау	педагог- зерттеуші
5	Нурбаева Динара Досетовна	орыс тілі мен әдебиеті (қазақ тілінде оқитын сыныптарда)	педагог- зерттеуші	педагог- зерттеуші	растау	педагог- зерттеуші
6	Утегенова Шырынкул Берикбаевна	қазақ тілі мен әдебиеті (орыс тілінде оқитын сыныптарда)	педагог- зерттеуші	педагог- зерттеуші	растау	педагог- зерттеуші
7	Жунисова Роза Калдыбековна	қазақ тілі мен әдебиеті (орыс тілінде оқитын сыныптарда)	педагог- зерттеуші	педагог- зерттеуші	растау	педагог- зерттеуші
8	Сабирбаева Феруза Эргалиевна	ағылшын тілі	педагог- зерттеуші	педагог- зерттеуші	растау	педагог- зерттеуші
9	Сейтханова Салима Дихановна	бастауыш сынып мұғалімі	педагог- зерттеуші	педагог- зерттеуші	растау	педагог- зерттеуші
10	Майсупова Карлыгаш Ербосыновна	бастауыш сынып мұғалімі	педагог- зерттеуші	педагог- зерттеуші	растау	педагог- зерттеуші
11	Егисина Гульназ Бахытовна	орыс тілі мен әдебиеті (қазақ тілінде оқитын сыныптарда)	педагог- сарапшы	педагог- зерттеуші	бекіту	педагог- зерттеуші
12	Бейбитова Анар Бокеевна	қазақ тілі мен әдебиеті (орыс тілінде оқитын сыныптарда)	педагог- сарапшы	педагог- зерттеуші	бекіту	педагог- сарапшы
13	Сатенов Канат Нуралиевич	география	педагог- модератор	педагог- сарапшы	бекіту	педагог- сарапшы
15	Мамырбаева Сырга Ботабекқызы	ағылшын тілі	педагог- модератор	педагог- сарапшы	бекіту	педагог- модератор

Қосымша директордың оқу-әдістеме ісі жөніндегі орынбасары Рамазанов С.Н. өзінде бар бірінші санатты орынбасар санатын растауға өтініш беріп, комиссия шешімімен бірінші санатты орынбасар санатын растады.

“Жас маман мектебі”

Тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидаларын және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 160 бұйрығының 2-тарау,

3 тармақшасына сәйкес Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясында 2024-2025 оқу жылында 2 жас маманға гимназия директорының 2024 жылдың 12 қыркүйек күнгі №233 бұйрығы, 2024 жылдың 24 қыркүйек күнгі №246 бұйрығы негізінде тәлімгер тағайындалды:

1. Тлеукұл Мерей Мейрамбекқызы – физика пәні мұғалімі, тәлімгері – Усенова Бахтыгул Каримбергеновна.
2. Хайтбаева Рая Пулатқызы – бастауыш сынып мұғалімі, тәлімгері – Жамалова Айзада Камалдиновна.

Оқушылардың шығармашылық жұмыс жасауда танымдық белсенділігінің жоғары болуы.	Шығармашылық және зерттеушілік қабілетін, қызығушылығын дамытатын жұмыстардың аздығы.	Педагогтың дарынды балалармен жұмыс істеудегі басты міндеті – салмақты шығармашылық жұмысқа деген талғамын арттырса.

Жаңа оқу жылына ұсыныс:

Бір жылдық жұмысымды қорытындылай келе жаңа оқу жылында келесі бағыттар бойынша жұмыстарды жандандыру қажет.

1. **«Олимп шыңы» кіші олимпиада мектебі** бағыты бойынша жалпы білім беретін пәндер олимпиадасынан облыстық және республикалық деңгейде жеңімпаздар дайындау.
2. **«Жас толқын» ОҒҚ бағыты** бойынша ғылыми жобадан облыстық және республикалық жеңімпаздар дайындау.
3. **«Зерде» ғылыми орталығы бағыты** облыстық және республикалық деңгейде зерттеу жұмыстарының сапасын арттыру.
4. **«Креативті жобалар» байқауы бағыты** бойынша жобалар сапасын арттыру.

2025-2026 оқу жылындағы тәрбие жұмысына сараптамалық талдау

I. Кіріспе

Қазіргі қоғамның даму жағдайында жас ұрпақтың бойына адалдық, әділдік, отансүйгіштік, еңбексүйгіштік сияқты асыл қасиеттерді сіңіру – ең өзекті мәселелердің бірі. Елдің болашағы – жастардың рухани кемелдігі мен азаматтық ұстанымына тікелей байланысты. Осыған орай, Қазақстан Республикасында қабылданған **«АДАЛ АЗАМАТ» біртұтас тәрбие бағдарламасы** жас буынның бойында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыруға, құқықтық мәдениетті арттыруға, қоғамға пайдалы белсенді азамат тәрбиелеуге бағытталған.

Бағдарлама тәрбие жүйесінің барлық бағыттарын қамти отырып, оқушының тұлғалық дамуына, әлеуметтік жауапкершілігіне, өз еліне деген сүйіспеншілігіне және адал еңбегі арқылы Отанға қызмет етуіне ықпал етеді. «АДАЛ АЗАМАТ» жобасы – өскелең ұрпақты тек білімді ғана емес, сонымен қатар парасатты, әділетті, жауапкершілігі жоғары азамат етіп тәрбиелеудің тиімді құралы болып табылады.

Тәрбие процесі – күрделі динамикалық жүйе. Өйткені, ол үнемі үзіліссіз даму, қозғалмалы, өзгермелі жағдайда болады. Тәрбие процесінің үзіліссіз жағдайы қоғамның талабына сай оның үнемі дамуымен сәйкес келеді, Бүгінгі күннің сұранысы – сапалы біліммен қаруланған, бәсекеге қабілетті, белсенді, шығармашыл, өркениетті болашақ үшін күресуге барын салатын, жоғары мәдениетті, адамгершілік түсініктері берік бекіген, кез-келген ісінде патриоттық сезімі көрініс тапқан ұрпақ. Мұндай ұрпақты тәрбиелеу ісінде мемлекет мектепке зор талаптар қойып, үлкен сенім артады.

Тәрбие жұмысы мектептегі үрдістің құрамдас бөлігі болғандықтан, ол тәрбиенің жалпы мақсатын орындауға бағытталған - балаға қоғамда өмір сүруге қажетті әлеуметтік тәжірибені меңгерту және қоғамдық тұрғыдан қабылданған құндылықтар жүйесін қалыптастыру. Осыған орай оның негізгі мақсаты – сабақ үстінде жүзеге асыратын тәрбие міндеттерін толықтыру және тереңдету, олардың қабілеттерін неғұрлым толық ашу, белгілі бір нәрсеге қызығушылығы мен ынтасын ояту, қоғамдық белсенділіктерін шындау, бос уақытын дұрыс ұйымдастыруды көздейді.

Тәрбиенің негізгі міндеті – тұлғаның қоғамда табысты әлеуметтенуіне ықпал ету, жағдай туғызу. Тәрбие – үнемі ізденіс пен ізгілік жолындағы қиын да, қызық мәселе. Тәрбие беру – алға қойылған мақсат пен міндеттің іске асуымен бағаланып қана қоймай, оның нәтижелілігінің көрінісі мен маңызды болмақ.

Тұлғаның өзін өзі билеуін, өзін өзі жүзеге асыру, отбасы және білім беру мекемелері педагогикалық ұжымдарының өзара іс-әрекеті үшін жағдайларды қамтамасыз ету мақсатында тәрбиенің нақты мақсаттары мен міндеттерін анықтау, тәрбие кеңістігін модельдеу-рухани тұлға қалыптастырудың негізі болады.

Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясы осы бағытта үздіксіз білім беру жүйесіндегі жеке тұлғаның ұлттық және жеке адамзаттық құндылықтар негізінде қалыптасуы мен дамуы, оның кәсіби жетілуі үшін қажетті жағдайлар жасау, баланы тәрбиеленуі, білім алуы мен жан-жақты қалыптасуы, ана тілі мен салт-дәстүрлерін сақтауы, денсаулығын нығайтуы сияқты Қазақстандық патриотизмге, төзімділікке, жоғары мәдениеттілікке және құқық пен еркіндікті құрмет тұтуға тәрбиелеу - «Ұлттық рухани байлық» көзі ретінде қарастырылып, осы тұрғыда оқушылардың сана-сезімін қалыптастыра отырып тәрбиелеу міндеттелген.

II. Ағымдағы жай-күйді талдау


2.1. «Жаңа ұрпақ» кешенді тәрбие бағдарламасы

Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясының «Табысты гимназия – 2025» стратегиялық даму жоспарының «Жаңа ұрпақ» кешенді бағдарламасы Қазақстан Республикасы «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңын, «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығын, «Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын әдіснамалық қамтамасыз етуді үйлестіру туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2018 жылғы 18 қаңтардағы № 20 бұйрығын (2018 жылғы 14 желтоқсанда соңғы өзгерістер енгізілген), «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 бұйрығын (2018 жылғы 28 қыркүйекте № ҚР ДСМ-20 бұйрықпен соңғы өзгерістер мен толықтырулар енгізілген). Білім және Ғылым министрлігінің «Орта білім беру ұйымдарында психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидасын бекіту туралы» 2011 жылғы 20 желтоқсандағы №528 бұйрығын, ҚР Үкіметінің «Барлық білім беру ұйымдарында оқыту процесінің тәрбиелік құрамдасын күшейту жөніндегі үлгілік кешенді жоспарды бекіту туралы» 2012 жылғы 29 маусымдағы № 873 Қаулысын, Қазақстан Республикасындағы «Баланың құқықтары туралы» 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңын басшылыққа ала отырып жасалды. Гимназияда тәрбие жұмыстары негізінен «Жаңа ұрпақ» кешенді бағдарламасының «Сәтті қадам», «Саламат», «Азамат», «Тұлға» жобалары арқылы жүзеге асады.

2.2. Гимназияның сынып жетекшілер құрамы:

Оқу жылдары	Ғани Мұратбаев атындағы гимназияның сынып жетекшілер құрамы			
	1-4 сыныптар (бастауыш буын)	5-7 сыныптар (орта буын)	8-11 сыныптар (жоғары буын)	Жалпы саны
2017-2018	23	14	14	51
2018-2019	23	15	13	51
2019-2020	23	14	16	53
2020-2021	22	17	16	55
2021-2022	22	19	16	57
2022-2023	22	16	19	57
2023-2024	22	16	19	57
2024-2025	22	16	19	57
2025-2026	22	16	19	57

2025-2026 оқу жылында:



Гимназияның тәрбие жұмысының мақсаты:

Бәсекеге қабілетті, өзін-өзі басқара білетін, қарым-қатынас, ақпаратты, интеллектуалдық, жұмыс істеу білу, мәдениеті дамыған және зерттей білетін, іс-әрекет жасай білетін, дағдысы қалыптасқан тұлға тәрбиелеу.

Міндеттер:

1. Жаңа демоктариялық қоғамда өмір сүруге қабілетті және патриот қалыптасуына: тұлғаның саяси, құқықты және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға, балалар мен жастардың құқықты санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатігездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұлға дайын болуына ықпал ету;
2. Тұлғаның рухани-адамгершілік және эстетикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлері мен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттары қалыптастыруға ықпал ету;
3. Тұлғаның жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлауына, ана тілді мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету;
4. Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын психологиялық-педагогикалық күзіреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету;
5. Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуына және өзін-өзі жүзеге асыруына, саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту;
6. Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамсыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастырылуына ықпал ету;
7. Білім беру ұйымдарына көп мәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпымәдени мінез-құлқы дағдыларын қалыптастыру, тұлғаны өнерде және болмыста этникалық нысандарды қабылдау, меңгеру және ықпал ету;
8. Салауатты өмір салты дағдыларының тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

Тәрбие жұмысының басым бағыттары:

Тәрбие процесін ұйымдастырудағы негізгі басымдықтар – білім алушылардың әл-ауқатын қамтамасыз ету, баланың жеке басына құрмет пен сенім, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету.

«Құндылықтарға» негізделген тәрбие бағдарламасы жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде адал азаматты тәрбиелеуді көздейді. Білім беру ұйымдарының барлық тәрбие жұмысының мазмұнында ұлттық мүдде, ар-ұят, алғыс айту, ілтипат, талап сияқты құндылықтар көрініс табуы қажет.

Білім беру ұйымдарында білім алушыларды тәрбиелеу ісі:

- оқу пәндерінің мазмұны;
- сынып сағаттары мен тәрбиелік іс-шаралар;
- сыныптан тыс іс-әрекеттер мен қосымша білім беру (үйірмелер,

клубтар,

секциялар, факультативтер және т.б.) арқылы жүзеге асырылады.

1. Оқу пәндері шеңберінде:

– сабақ тақырыбының тәрбиелік мәнін ескеру және оның сабақ барысында

жүзеге асырылуын қамтамасыз ету;

– бастауыш сынып пәндері апталығын жоспарлау мен өткізуде ортақ тақырыптардың әлеуетін ескеру;

– орта және жоғары сыныптарда пән апталықтарын жоспарлау мен өткізуде жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды

қалыптастыруға назар аудару қажет.

Күнделікті сабақтың қысқа мерзімді жоспарларын әзірлеуде Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында берілген жалпы білім беру мазмұнының базалық құндылықтары мен жалпыадамзаттық және қазақ халқының ұлттық құндылықтарын кіріктіру ұсынылады. Мысалы, Қазақстан тарихын оқытуда еліміздің ұлттық мұрасы мен мәдениетіне құрметпен қарауды дәріптеу немесе әдебиетті оқыту барысында шығармаларды талдау арқылы жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға басымдық беру, географияны оқыту барысында табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарау және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдану еліміздің тұрақты дамуы үшін маңызды екендігін дәріптеу ұсынылады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеу.

Біртұтас тәрбие бағдарламасы мақсаттары мен міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы тату- лығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.

2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, тату- лық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.

3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиет- терін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.

5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

«Адал Азамат» біртұтас тәрбие құндылықтары:

- 1.Тәуелсіздік және отаншылдық
2. Бірлік және ынтымақ
- 3.Әділдік және жауапкершілік
4. Заң және тәртіп
- 5.Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік
6. жасампаздық және жаңашылдық.

1.Ата –анасын сыйлайды,перзенттік парызын түсінеді, «жеті ата» «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды,отбасы мен берекесін қадірлейді.

2.Отаншыл,мемлекетшіл,намысшыл халқына адал қызмет етуді мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді салт дәстүрерді біледі оны сақтайды

3.Әр ісіне қадамына жауапкершілікпен қарайды әдепті және мейірімді сөзіне берік ісіне адал кішіге ізет үлкенге құрмет көрсетіледі,ар ұятты жоғары бағалайды.

4.Жан мен тән тазалығын сақтайды дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді эмоционалды жай күйін басқарады.

5.Тұратын үйін ауласын қаласын таза ұстайды қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды

SWOT талдау

Күшті жағы (Strengths) Мектепте мұғалім мен оқушы арасында сенім мен ынтымақтастық мәдениетінің, қолайлы ортаның қалыптасуы «Ұлағат» әкелер және «Сырласу» аналар клубының бірлескен жұмыстарының нәтижесінде «Отбасы тәрбиесі» бағытындағы жұмыстар жүйелі жүргізіліп, ата-аналармен тығыз байланыстың орнауы Қазақстандық, патриотизм, көпмәдениетті, көркем-эстетикалық тәрбие, рухани-адамгершілік тәрбиесі бағыттарындағы жұмысы жүйеге қойылған	Қайыпті (Threats) Мектепшілік есептегі оқушылардың санының артуы Тәртіпбұзушылыққа икем оқушылардың жиі кездесуі
Әлсіз жағы (Weaknesses) Сынып жетекшілер тарапынан оқушының	Мүмкіндіктер (Opportunities) «Ұлттық тәрбие» бағытындағы

даму деңгейіндегі зерделеу жұмыстарының әлсіздігі Патриоттық сезімнің жекелеген оқушылар бойындағы әлсіздігі Оқушылардың өзіне деген сенімділігі байқалмайды, шығармашылық белсенділігі төмен Сынып жетекшілер тарапынан оқушылардың үйін аралау жұмысының болмауы Мектеп кезекшілігінің дұрыс атқарылмауы	жұмыстарды жандандыру «Шығармашылық қауымдастығы» аясында әлеуметтік жобалар жұмысын жалғастыру Оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттырып, көшбасшылыққа қалыптастыру Сынып жетекшілерді іс-шараларды жаңаша тәсілдермен өткізуге талаптандыру
---	--

Ұсыныс:

1. «Ұлттық құндылықтар» бағытындағы жұмыстарды жандандыру;
2. «Шығармашылық қауымдастығы» аясында әлеуметтік жобалар жұмысын жалғастыру;
3. Сынып жетекшілерді іс-шараларды жаңаша тәсілдермен өткізуге талаптандыру;
4. Сынып сағаттарының уақытылы әрі сапалы өткізілуін қадағалау.

Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясының әлеуметтік қызмет жүйесінің 2024-2025 оқу жылындағы атқарған жұмысының жылдық есебі.

Әлеуметтік орталық оқушының сапалы білім алуына жағдай жасаумен қатар, оның қауіпсіздігі, бос уақытын тиімді пайдалануы, ортада өзін еркін ұстай білуі басты назарға алынған. Орталық төмендегідей бағыттар бойынша жұмыстар атқарады:

1. Әлеуметтік көмекті қажет ететін балаларды анықтау жұмыстары;
2. Қайырымдылық шараларын ұйымдастыру;
3. Кеңес беру және қорғау бағыты;
4. Оқушыларды сауықтыру, бос уақытын ұйымдастыру бағыты.

I. Әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасыларды анықтау

Әлеуметтік көмекті қажет ететін балаларды анықтау жұмыстары оқушының тұрмысын зерделеу картасы, сынып жетекшімен, ата-анамен тығыз байланыс жасау арқылы 100% жүзеге асырылды.

№	2024-2025 оқу жылы	Отбасы саны	Оқушы саны
1	Көп балалы отбасы	223	473
2	Аз қамтылған	9	13
3	Қамқорлықта	0	0
4	Туыстарының үйінде тұрып оқитыны	5	6
5	Жалпы толық емес отбасы	70	89

6	Өгей ана, өгей әкемен тұратын оқушылар	3	5
7	Үйде оқытылатын оқушылар	2	2
8	Инклюзивті біліммен қамтылғандар	1	1

Мектеп оқушыларының отбасының әлеуметтік картасы бойынша мектептің әлеуметтік төлқұжаты, ата-аналар базасы және оқушылар базасы жасалынды. (қосымша Power Point, Excel программалары арқылы жасалынды)

II. Қайырымдылық шараларын ұйымдастыру

ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2024 жылғы 12 тамыздағы № 1-21-6/4660-И хатына сәйкес мектебімізде 1 тамыз-30 қыркүйек аралығында «Жақсылық жаса!» ұранымен «Мектепке жол» республикалық акциясы өткізілуде.

Акцияны ұйымдастыру және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары жасалынып, бекітілді.

Акцияның мақсаты – аз қамтылған, көп балалы отбасылардан шыққан және жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған оқушыларға жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке бармауының алдын алу үшін материалдық және басқа да көмек көрсету болып табылады.

Акция барысында:

- Мектепке дайындау кезінде қолдауға мұқтаж аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға көмек көрсетілді;
- Гимназия кітапханашыларының қамқорлықтағы, көп балалы, тұрмыс жағдайы төмен отбасынан шыққан балаларға оқулықтар таратуы қадағаланды;
- Гимназия ұжымы мен жеке кәсіпкерлер акцияға тартылды;

1 тамыз бен 30 қыркүйек аралығында «Мектепке жол» акция аясында аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға көмек көрсету мақсатында гимназия ұжымы тарапынан және аудандық аурухана қызметкерлері, спорт мектебінің ұжымы атынан 16 оқушыға кеңсе тауары беріліп, мектеп формасы берілді. Жалпы суммасы 284 000 теңгені құрайды.

Қайырымдылық шараларының нәтижесінде, аз қамтылған және көп балалы отбасыларына жыл бойы мемлекет тарапынан да, демеушілер тарапынан да әлеуметтік көмекпен қамтылды.

III. Кеңес беру және қорғау.

Кеңес беру және қорғау бағыты бойынша, кеңес алушының тек материалдық мәселелерді шешу ғана емес, сондай-ақ қаржылай сауаттылық, денсаулығын нығайту, салауатты өмір салтын сақтау, мамандықты дұрыс таңдау, өз құқықтарын білу, дұрыс тамақтану және оқушының қоршаған ортасымен қарым-қатынасы қарастырылған. Балалардың денсаулығы мен

олардың толыққанды дамуы көбінесе олардың құқықтарын қорғау тиімділігімен анықталады, сол себепті оқушыларға құқықтарын түсіндіру жұмыстары тәрбие орталығымен тығыз жұмыс жүргізу барысында жүзеге асырылды.

Ерекше тәрбиені қажет ететін оқушылардың, көпбалалы, аз қамтылған, қамқорлықтағы, сенім хат арқылы туыстарының үйінде тұратын оқушылардың тізімі жасалды. Сынып жетекшілермен бірлесе отырып, оқушылардың әлеуметтік тұрмыс жағдайына зерделеу жүргізілуі тапсырылды. Тәрбие орталығымен бірлесе, барлық санитарлық талаптарды ұстана отырып, аз қамтылған, көпбалалы отбасына және қамқорлықтағы, үйде оқылатын оқушылардың үйлеріне зерделеу жүргізілді. Нәтижесінде,

- оқушылар мен ата-аналар қарым-қатынасы;
- отбасының оқушының дұрыс білім алуына жағдай жасауы;
- отбасының қажеттіліктері мен мұқтаждықтарын анықтау;
- баланың бос уақытын тиімді пайдалануы, бала құқығының сақталуы бойынша жадынамалар мен кеңестер берілуін басты мақсатқа ала отырып, оқушылардың отбасына зерделеу жұмыстары жүргізілді.

711 отбасында тәрбиеленіп жатқан оқушылардың тұрмыс-жағдайы сынып жетекшілер мен әлеуметтік педагогтар тарапынан зерделенді.

Сынып жетекшілердің өтініші бойынша тәрбие орталығы, сабаққа жиі қатыспайтын, кешігіп қосылатын 19 оқушыға үйлеріне барып акт жасалынып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

IV. Оқушыларды сауықтыру, бос уақытын ұйымдастыру

Оқушыларды сауықтыру, бос уақытын ұйымдастыру бағыты бойынша, «денсаулық» сабақтары, түрлі форматтағы байқаулар, жетістікке ынталандыру жұмыстары жүргізілуде.

Оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру мақсатында түрлі мектепшілік байқаулар ұйымдастырылды.

«Отбасы-орта мектеп» тақырыбында оқушылардан эссе алынып, талқыланды.

«Кітап оқып жарысайық» кітап оқу байқауына 7-10 сынып оқушылары арасынан 25 оқушы қатысып, жүлделі сыйлықтармен марапатталды.

Оқу жылы бойына сауықтыру лагерлеріне оқушылар жіберіліп отыр.

Қала сыртындағы жазғы сауықтыру лагерлеріне 35 оқушы жіберілсе, оқу-сауықтыру лагерлеріне 5 оқушы жіберілді.

Ұсыныс:

1. Оқушыларды жетістікке ынталандыру бағытындағы жұмыстарды жиі ұйымдастыру;
2. Әлеуметтік көмекті қажет отбасыға мектеп тарапынан жүйелі, білікті көмек көрсету. Оқушылардың отбасы мүшелерімен, мұғалімдермен қарым-қатынас орнатуда қиындықтардың алдын-алу және әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасыларға материалдық көмек көрсетіп, оқуға қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етуді ұйымдастыру;

3.Оқушыны қоғамға пайдасы бар іс-әрекеттермен айналысуы, бос уақытын тиімді пайдалануы, ортада өзін еркін ұстауына жағдай жасау.

**Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясының 2024-2025 оқу жылындағы
«Жаңа ұрпақ кешенді бағдарламасының» «Саламат» жобасы бойынша
«Сенім» психологиялық орталығы аясында атқарылған жұмыстардың
есебі**

«Саламат» жобасы оқушылардың психологиялық-әлеуметтік, спорттық, экологиялық мәдениетін жоғары деңгейде қалыптастырады. Бұл жоба аясында түрлі тренингтер, жиындар, кездесулер, жарыстар, психологиялық жаттығулар, әлеуметтік-қайырымдылық акциялар, спорттық эстафеталық сайыстар т.б іс-шаралар өткізіледі. Жоба гимназияның стратегиялық дамуында төрт саланы қамтиды, және әр сала өзінің функцияларына қарай өз бағыттарынан тұрады.

Мақсаты: Барлық қатысушыларға педагогикалық үдерістердегі мәселелерді шешуге көмек көрсету.

Диагностикалау

№	Іс-шаралар	Жұмыс түрлері	Нысаналы топ	Орындау мерзімі	Нәтижесі
1	Көп балалы отбасылар, өгей ата-анамен тұратын оқушыларды анықтау	Тізімін жасау	1-11 сынып	Қыркүйек	1.Өгей ата-анамен тұратын оқушылар-5 2.Толық емес отбасы(жартылай жетім) оқушылар-10 3.Туыстарымен тұратын оқушылар-5 4.Жайсыз отбасынан шыққан оқушылар-0 5.Жартылай жетім оқушылар саны-10 6.Аз қамтылған отбасынан шыққан оқушылар-13
2	Инклюзивті және үйде оқытылатын оқушыларды анықтау	Тізімін жинақтау, мінездеме жазу	1-11 сынып	Қыркүйек	Гимназияда арнайы бағдарлама бойынша білім алатын оқушы саны: 3 1)Үйде оқытылатын-2 2)Инклюзивті білім алушылар-1
3	Балалардың мектепке психологиялық дайындығын анықтау	Керн – Йерасек тесті. Графикалық диктант.	1-сынып	Қыркүйек	Мақсаты: Бұл тест балалардың мектепке дайындығын анықтау мақсатында алынған тест. Жоғары балл-55/62,15% Орташа балл-57/64,41% Төмен балл-0/0% Зерттеу нәтижесіне қарай оқушылардың дайындық деңгейін ескере отырып,бейімделуіне,

					оқушылардың сабаққа мотивациясын, ынтасын көтеру жұмыстары жүргізіліп, оқушылармен жеке сұхбат жүргізілді. Тестке қатысушылар саны: 113
4	Мектепке жаңа келген оқушыларды және көрші ауылдан қатынайтын оқушыларды анықтау.	Жаңадан келген оқушыларды анықтау. Тізімін жинақтау	1 – 11 сынып	Қыркүйек	Жаңадан келген оқушылар тізімі жасалынып, 2-5 сыныптар аралығында аталған оқу жылында 11 оқушы қабылданды. Оның ішінде: 2 сыныпқа- 2оқушы. 3 сыныпқа- 2оқушы. 4 сыныптарға- 4 оқушы. 5 сыныптарға- 3 оқушы қабылданған. Ал, 6-11 сыныптар аралығында аталған оқу жылында барлығы 14 оқушы қабылданды. Оның ішінде: 6 сыныпқа-4 оқушы. 7 сыныптарға-3 оқушы. 8 сыныптарға- 4оқушы. 9 сыныптарға-2оқушы. 10 сыныптарға-3оқушы. 11 сыныптарға-0оқушы қабылданған. Гимназияға жаңадан қабылданған барлық оқушылармен жеке психологиялық сұхбаттасу жұмысы жүргізілді. Барлық жаңадан қабылданған оқушылар саны: 27
5	Оқушылардың қобалжу деңгейлерінің бейімділігін анықтау	Кондаш тесті	5 – сынып	Қыркүйек	Жалпы саны: 116 оқушы Тестке қатысқан оқушы саны: 102 Нәтижесі: Мектепшілік мазасыздық түрінен 5 оқушы анықталды.
6	Кәсіби бағдар	Голланд тесті	11– сынып	Қыркүйек	11-сынып оқушыларының кәсібі бағыт-бағдарларын анықтау мақсатында тест алынды. Тестке-61 оқушы қатысты. Тест нәтижесі бойынша: 1.Реалистік тип-6/3,66% 2.Конвенциялық тип-5/9.6% 3.Артистік тип-6/3.66% 4.Тапқыр тип-9/5.49% 5.Әлеуметтік тип-22/13,42% 6.Интеллектуалдық тип-5/9,6% 7.Аралас тип-0%

7	Оқушы қабілетін анықтау.	Гарднер тесті	6-10 сынып	Қыркүйек	6-10 сынып оқушыларынан дарындылықтарын анықтау мақсатында 13-секциядан тұратын тест алынды. Әр секция 10-сұрақтан тұрады. Барлық оқушы саны: 443 Тестке қатысқандар саны: 429 Нәтижесінде: 1) натуралистік қабілет-16/2.74% 2) музыкалық қабілет-24/5,5% 3) логикалық қабілет-50/44,16% 4) тұлғааралық қабілет-27/3.8% 5) моторлы- қозғалыс қабілет-50/8.1% 6) вербалды лингвистикалық қабілет-24/4.8% 7) ішкі жеке тұлғалық қабілет-45/7.0,5% 8) визуалды кеңістікті қабілет-38/6.3% 9) ақындық қабілет-28/4.5% 10) әртістік қабілет-50/8.0,8% 11) аспаздық қабілет-90/13.7% 12) сіздің спорттық қабілет-125/20.2% 13) математикалық және зерттеушілік қабілет-65/9.8% Қорытынды: Оқушылар арасында ең жоғарғы көрсеткіш көрсеткен қабілеттердің түрі – спорттық, аспаздық, музыкалық қабілет. Тест арқылы оқушылардың қызығушылықтары әр салаға жақын екендіктері анықталды.
8	Сынып ұжымдарында психологиялық ахуал мен қарым-қатынас және мінез-құлық ерекшеліктерін зерттеу	Социометрия әдісі Д.Ж. Морено	5-11 сынып	Қазан	Нәтижесі: Қатысқан оқушы саны: 687/100% Топ көшбасшылары: 97/13.5% Топ жұлдыздары: 125/18.9% Топ құрамындағылар: 500/77.1% Шеттетілгендер: 12/1.7%
9	Жалғыздық сезімінің деңгейін анықтау	М. Фергюсен мен Д. Рассельдің тесті	6-сынып 7-сынып 9-сынып	Қазан	Мақсаты: оқушылардың жалғыздық сезім деңгейін анықтау. Нәтижесі: тесттің қорытындысы бойынша жалғыздық сезімінің деңгейі жоғары оқушы-8/2.6%, орташа деңгей-266/90%, төмен деңгей- 23/6.8% оқушы көрсетті.

1 0	Оқушылардың алаңдаушылық деңгейін анықтау	С. Спилбергер тесті	8-сынып 10-сынып 11-сынып	Қазан	Мақсаты: Бұл сауалнама зерттелушінің алаңдаушылық деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Нәтижесі: (8,10,11) Жоғары: 0/0.% Орташа:3714,3% Төмен: 175/68,2%
1 1	5 сынып оқушыларының өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау	Казанцев «Өзін-өзі бағалау» тесті	5-сыныпта р	Қазан	Мақсаты: Оқушылардың өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау. Қатысқан оқушылар саны: 132 Жоғары: 9/6.09% Орташа: 94/71.2% Төмен: 26/19.6% Төмен деңгей көрсеткен оқушылармен жеке сұхбат жүргізіліп, кеңес берілді.
1 2	Оқушылар арасында буллинг және кибербуллинг фактілерін анықтау	Анонимді сауалнама	6-9 сынып	Қараша	Оқушылар арасында буллинг және кибербуллинг фактілерін анықтау мақсатында (гугл форма) арқылы оқушылардан жасырын сауалнама алынды. Сауалнама қорытындысы бойынша буллинг, кибербуллингке ұшыраған немесе куәсі болған оқушы анықталған жоқ.
1 3	Оқушылардың жеке бас ерекшелігін анықтау	«Ағаш» әдістемесі	2-сынып 4-сынып	Желтоқсан	Бұл әдіс арқылы балалардың бойындағы мінез ерекшеліктері анықталады. Әдістемеге қатысқан оқушылар саны: 202 Нәтижесінде: Оқушылардың мінез-құлықтарында ешқандай ауытқушылықтары жоқ. Әдістеме барысында кері нәтиже көрсеткен оқушы анықталмады.

2024-2025 оқу жылында психологиялық диагностика жұмыстарының нәтижесіне төмендегідей психологиялық түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді:

1. «Жаңа оқу жылына көтеріңкі көңіл-күймен» тренинг, 5-6 сынып эмоционалды көңіл-күйлерін көтеру, жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру
2. Жасөспірімдер арасында буллинг, кибербуллингті алдын алу мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізілді, 7-8 сыныптар
3. Келеңсіз оқиғаларды алдын алу мақсатында педагогтарға түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

4. «Ата-анабақылауы:Баланың интернеттегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету»ата-аналарға тренинг құқық бұзушылық пен зорлық-зомбылықтың, буллингтің алдын алу мақсатында.
5. «Бала мен ата-ана арасындағы дұрыс қарым-қатынас» тренинг. Келеңсіз оқиғаларды алдын алу мақсатында жүргізілген ата-аналармен жұмыс.
6. «Өмір құндылығы» тренинг. Оқушылардың көңіл-күйін игере білуге, басқаруға, қадағалауға және дұрыс бағалай білуге тәрбиелеу. 8-сынып
7. «Сенімділік-серігім» тренинг. Емтихан алды қобалжу деңгейлерін төмендету мақсатында 11-сынып оқушылармен жүргізілген жұмыс.
8. «Кел-дос болайық» тренинг. Өзара қарым-қатынас ерекшелігі. 2-4 сынып.
9. «Мен өіме сенемін» тренинг. ҰБТ,ББЖМ-психологиялық дайындық. 9-11 сыныптар.
10. «Мұғалім іс-әрекетінің тиімділігін арттырудың психологиялық жолдары» тренинг. Педагогтармен жұмыс.
11. «Достығымыз жарасқан» дөңгелек стөл. Достық қарым-қатынастарын нығайту. 7-8 сынып.
12. «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тренинг. Зорлық-зомбылық пен буллингті алдын алу мақсатында жүргізілген жұмыстар. 3-11 сынып.
13. «Ұстазыма мың алғыс» тренинг. Эмоционалдық қалыпты реттеуге арналған педагогтармен жұмыс.
14. Жасөспірімдердің мінез-құлқында кездесетін келеңсіз оқиғалар және оның алдын алу бойынша педагогтармен жүргізілген жұмыстар.
15. «Ұжымның психологиялық ахуалын жақсарту» тренинг. Мұғалімдердің кәсіби шеберлігі мен өзіндік қасиеттерін арттыру.

Психологиялық кеңес беру.

Циклограммамызға сәйкес әр аптаның жұма күндері психологиялық кеңес беру күні болып бекітілді. Диагностика, түзету, алдын алу, ағарту жұмыстарының қорытындыларына сүйене отырып оқушыларға психологиялық кеңес берілді. Кеңес беру журналына тіркелді.

Гимназиямызда ата-аналар жиналысында психологтардың тарапынан оқушы жайында психологиялық мінездеме баяндалып және ата-аналарға кеңес берілді. Жеке кеңеске қалған ата-аналарда болды.

Жеке және топтық кеңес беру жұмыстарының саны: 209

Қорытынды:2024–2025 оқу жылы барысында мектеп психологының қызметі білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау мен нығайту, олардың тұлғалық, эмоционалдық және әлеуметтік дамуын қолдау, білім беру процесінің барлық қатысушыларына (оқушылар, ата-аналар, мұғалімдер) психологиялық қолдау көрсету бағытында жүргізілді.

1. **Психологиялық диагностика:** жыл бойы түрлі жас ерекшеліктеріне сай сыныптарда диагностикалық зерттеулер жүргізілді. Диагностика нәтижелері оқушылардың эмоционалдық күйі, өзін-өзі бағалау деңгейі, зейін, есте сақтау, әлеуметтік бейімделу және тұлғалық ерекшеліктері жайлы мәлімет алуға мүмкіндік берді.

2. **Түзету-дамыту жұмыстары:** психологиялық диагностика нәтижелері бойынша дамуында, эмоциялық күйінде немесе мінез-құлқында қиындықтар байқалған оқушылармен жеке және топтық түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, өзін-өзі бағалауы төмен, қорқыныш пен мазасыздық деңгейі жоғары балалармен тренингтер өткізілді.
3. **Кеңес беру қызметі:** оқу жылы ішінде ата-аналарға, сынып жетекшілеріне және пән мұғалімдеріне 80-нен астам жеке және топтық кеңес берілді. Кеңес беру жұмыстары отбасындағы қарым-қатынас, баланың мінез-құлқы, оқу мотивациясы және бейімделу мәселелерін қамтыды.
4. **Профилактикалық жұмыстар:** оқушылар арасында буллингтің алдын алу, стреске қарсы тұру, достық қарым-қатынас орнату, өзін-өзі құрметтеу және өмірлік мақсат қою бойынша тақырыптық тренингтер мен семинарлар ұйымдастырылды.

Психологиялық ағарту: мұғалімдер мен ата-аналар үшін тәрбиелеу мен қарым-қатынастың психологиялық аспектілері туралы семинар-тренингтер мен жиналыстар өткізілді. Ата-аналар жиналыстарында бала психологиясы туралы баяндамалар жасалды. 2024–2025 оқу жылының қорытындысы бойынша мектептегі психологиялық ахуал жалпы алғанда қанағаттанарлық деңгейде. Психологиялық қолдауды қажет ететін оқушылар анықталып, оларға жүйелі түрде көмек көрсетілді. Педагогтармен және ата-аналармен тығыз байланыс орнатылып, өзара ынтымақтастық нәтижесінде көптеген мәселелер өз шешімін тапты. Алдағы оқу жылында да профилактикалық, диагностикалық және түзету-дамыту жұмыстарын жалғастырып, оқушылардың психологиялық саулығын қамтамасыз ету бағытында жұмыстар жүйелі түрде жүргізіледі.

Ұсыныс: Балалардың психологиялық денсаулығына көбірек көңіл бөлу үшін сынып жетекшілерімен тығыз байланыс орнату. Ата-аналармен психологиялық жұмыс жүйесін тұрақты түрде жалғастыру.

**Гани Мұратбаев атындағы гимназиясының
«Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының
2024-2025 оқу жылында атқарылған жұмыстарына
сараптамалық талдау**

1. Кіріспе

2011 жылдың 6 шілде күні "Елорда күніне" орай «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы республикалық қоғамдық бірлестік болып құрылды. 26 тамыз күні "Жас ұлан" ұйымының құрылтайы өтті. Ұйымның Кеңес мүшелері, жұмыс жоспары, ресми нышандары бекітілді. Бұл ұйым қоғамдық ұйым болып табылады. "Жас ұлан" өз жұмыс барысында ҚР-ның Конституциясын, заңнамасы және де басқа нормативтік құқықтық актілерін, ҚР-да ратификацияланған халықаралық актілерді басшылыққа алып жұмыс жүргізеді.

2. Ағымдағы жай-күйді талдау

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы республикалық қоғамдық бірлестігі қызметін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдамаларды басшылыққа ала отырып «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының даму жоспары жасалынды. «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының 7 бағыт бойынша атқарылатын жұмыстары «Жаңа ұрпақ» кешенді бағдарламасын негізге ала отырып, оның ішінде «Азамат» жобасы арқылы жүзеге асады. Гимназиямызда оқу жылының басында белсенді, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, үздік жасұландық өздерін ұланбасы болуға ұсынып және шарттарды толық қанағаттандыратын оқушылар арасында «Ұланбасы» сайлауы өтіп, жасұландықтардың дауыс беруі арқылы тағайындалады. 2024-2025 оқу жылында гимназиямыздың 7 «Ә» сынып оқушысы Бақтығали Ұлдана міндетін атқарды. Сонымен қатар жасұландықтар мектеп өміріне белсене қатысып, қоғамдық жұмыстарға, қайырымдылық шараларына, сыныптан тыс іс-шараларға, спорттық жарыстарға, интеллектуалды байқаулар мен олимпиадаларға белсене қатысты. Аудандық, облыстық, республикалық байқауларда да жүлделі орындарды иеленді. Оқушылар өздерінің жасұландықтардың қатарында болғандығын мақтан етеді.

III. «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының құрылымы

«Жас Ұлан» БЖҰ-ның мақсаты:

- Өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық, білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгіні мен болашағына деген жауапкершілікті қалыптастыру.

«Жас Ұлан» БЖҰ-ның міндеттері:


- Қазақстан халқының тілін, мәдениетін, тарихын білу негізінде өскелең жас ұрпақтың бойында рухани-адамгершілік әлеуетті қалыптастыру;
- Балалар мен жасөспірімдердің азаматтық белсенділігі мен саналылығын арттыру;
- Танымдық жұмыстарды ынталандыру;
- Балалар мен жасөспірімдердің зияткерлік, шығармашылық және әлеуметтік дамуы үшін қолайлы жағдай жасау;

• Жауапкершілік пен еңбексүйгіштікті қалыптастыруға, көшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытуға бағытталған баланың жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту.

«Жас Ұлан» БЖҰ-ның негізгі жеті бағыты:



2025-2026 оқу жылында «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымына мүше оқушылар саны:



Оқу жылы	Бағыт бойынша өткізілген іс-шаралар саны							Жалпы саны
	Отан	Жеті жарғы	Зерде	Салауат	Еңбек	Руханият	Экоәлем	
2024-2025	9	7	15	3	22	12	16	84

«Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмысына SWOT талдау

Күшті жағы (Strengths)	Әлсіз жағы (Weaknesses)	Мүмкіндіктер (Opportunities)
Мектепте мұғалім мен оқушы арасында, отбасында ата-ана мен баланың арасында сенім мен ынтымақтастық мәдениетінің, қолайлы	Сынып жетекшілер тарапынан оқушының жеке қабілеттерін зерттемеуі;	«Зерде» бағытындағы жұмыстарды жандандыру; «Еңбек» бағыты аясында әлеуметтік

ортаның қалыптасуы; «Отан» және «Жеті жарғы» бағыттарының жұмыстары нәтижесінде құқықтық сауаттылықты, меклекеттік рәміздерге деген құрметті, ұлттық мерекелер мен мемлекеттік мерекелердің, кәсіби және өзге де мерекелерді атап өтіп оқушы жадында сақталуына септігін тигізу;	Патриоттық сезімнің жекелеген оқушылар бойындағы әлсіздігі; Оқушылардың өзіне деген сенімділігі мен шығармашылық белсенділігінің төмендігі	жобалар жұмысын жалғастыру; Оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттырып, көшбасшылыққа қалыптастыру; Сынып жетекшілерге іс-шараларды ұйымдастыру барысында жаңаша тәсілдермен өткізуге талаптандыру
---	--	--

Ұсыныс:

-Ерікті оқушылардың санын арттыру;

-Белсенді жасұландықтарды аудандық, облыстық байқауларға қатыстыру;

-Мектептің қоғамдық жұмыстарына тұрақты қатысып отыру.

«Отан» бағыты – жасұландықтардың санасында қазақстандық танымның және мәдени түсініктің қалыптасуына, азаматтық парыздың орындалуына, толеранттылық пен патриоттық, отанға қызмет етудің маңыздылығы, өз халқың үшін мақтаныш сезімі, мемлекеттік рәміздерді, мемлекеттің және туған өлкеңнің идеологиялық негіздерін білуге жағдай жасайтын бағыт.

Жасұландық оқушылар Тараз қаласында орналасқан №1 қарттар үйіне барып «Қарттарым асыл қазынам» тақырыбында Халықаралық қарттар күніне орай ұйымдастырылған мерекелік іс-шараға қатысып, өнерлерін көрсетіп, көңіл-күй сыйлап келді. Ел қазынасы болған қарттарымыз оқушыларға ризашылығын білдірді.

Жалғыз басты қарттарға оқушылардың қолдан келген көмектерін көрсетіп, балаларды жанашырлық, адамгершілік қасиеттерін бойына сіңіру, қарттарымызды құрметтеп, сыйлауға, үлкенге өнеге кішіге үлгі бола білуді үйрету мақсатында «Қарияларға қамқорлық көрсетейік» тақырыбында жалғыз басты қарт кісілерге көмек көрсету іс-шарасы өтті.

Жасұландық оқушылар 1 наурыз алғыс айту мерекесіне орай Солодкина №41 үйдің тұрығыны Гаухар Сапарымбетова батыр анамен кездесіп келді. «Жетім көрсең жебей жүр» демекші өз баларамен қоса, балалар үйінен асырап алған төрт қызға аналық мейірім сыйлап отырған батыр аналардың қатарындағы жан.

«Жеті жарғы» бағыты- мектеп Жарғысын, оқушыларға арналған мінез – құлық ережелерін білуге оны сақтауға, мемлекет пен оның заңдарын құрметтеп қарауға, ел байлығын халық игілігіне жұмсауға ат салысатын оқушылардың азаматтық белсенділігін қалыптастыруға, заң бұзушылыққа қарсы күресуге ықпал ететін шараларды, жастар арасында әр түрлі жүргізілетін әлеуметтік-құқықтық маңызы бар шараларды қамтиды.

16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымына «Мен Тәуелсіз елдің ұланымын» тақырыбында ұйымға оқушыларды салтанатты қабылдау. Жалпы ұйымға бастауыш, орта буын оқушылары қабылданды.

2-4 сынып оқушылары жалпы 240 оқушы «Жас қыран» қатарын толықтырып, оларға жас қыран төсбелгісі берілсе, орта буынның 5-7 сыныптың 243 оқушысына «Жас ұлан» төс белгісі тағылды, ал жоғары сыныпта оқитын 7-9 сынып оқушылары жалпы саны 150 жасұландықтарға төсбелгілер тағылды.

«Ұрпаққа үлгі болған ерлік» тақырыбында Ауған соғысының ардагерлерімен кездесу кеші ұйымдастырылды. Мақсаты оқушыларға Ауған соғысы жайлы толық мәлімет беру, ардагер ағалармен ашық әңгімелесу, сұхбаттасу, Ауған соғысында опат болған жауынгерлердің рухына тағзым етуге, есімдерін қастерлеуге тәрбиелеу, оқушыларға патриоттық тәрбие беру болып табылады.

«Зерде» бағыты бойынша – «жасұландықтардың» интеллектуалдық мәдениетін, ойлау қабілетінің белсенділігін, ақыл-ой деңгейін және шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруға және дамытуға арналған іс-шаралар.

5-7 сынып жасұландық оқушылары арасында "100 кітап" жобасы аясында "KİTAP FEST 2025-2026

" мектепішілік кітап фестивалі өткізілді. Фестиваль мақсаты: оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттырып, білімін жетілдіру, бір сәтке болса да смартфоннан арылтып, санасына сілкініс ояту.

«Ұстаз ұлы есім» тақырыбында бірыңғай ашық тәрбие сағаттары. Аталмыш шара ұстаздың адам өмірінде алатын орын зор екендігін, ұстаздарды құрметтеу, сыйлау және қадірлеу қасиеттерін оқушылардың бойына дарыту. Ұстаз мамандығының қыры мен сырларын түсіндіру.

5-7 сыныптар арасында **«Сүйікті ұстаз, сүйкімді шәкірт»** тақырыбында шығармашылық дуэт кеші өтті. Іс-шараның мақсаты өнерлі оқушылар шығармашыл Ұстаздармен және ата-аналары мұғалім болса бірге ән, әртүрлі музыкалық аспаптарды ойнау арқылы оқушы мен мұғалім, оқушымен ата-ана арасындағы бірлікті одан әрі нығайтуды көздейді.

«Салауат» бағыты бойынша – «жасұландықтардың» салауатты өмір салтын қалыптастыруға, спорттық, туристік, экспедициялық және өлкетанушылық бағдарламаларды ұйымдастыру арқылы дене шынықтыруды дамытуға әсер ететін бағыт.

Отбасы күніне орай 3 сыныптар арасында «Спорт біздің серігіміз» тақырыбында эстафеталық сайыс өтті. Сайыстың мақсаты балалардың денсаулығын нығайту, ұйымшылдыққа баулу, балалардың қимыл-қозғалыстарын жетілдіру, түрлі спорттық түрлерін еркін ойнауға үйрету, спортқа қызығушылықтарын арттыру.

«Балалар жылы» аясында оқушылар спорт майталмандары мен мотивациялық кездесу өткізілді. Шараға Жамбыл облысы әкімдігінің білім

басқармасы «Ғылымы-тәжірибелік дене шынықтыру орталығының» басшысы М.Т.Сүлейменкулов, Жамбыл облысының мақтанышы Армрестлингтен Қазақстан Республикасының 3 дүркін чемпионы, Азия чемпионатының 5 дүркін чемпионы, Әлем чемпионатының 3 дүркін чемпионы Каримбаева Лаура Мауленқызы, Армрестлингтен Қазақстан Республикасының 10 дүркін чемпионы, Азия чемпионатының 10 дүркін чемпионы Күнтуғанова Жұлдыз Күмісбекқызы қонақ болып, оқушылар ерекше шабыт беріп, чемпион болудың қыр-сырын баяндап берді.

"Әкем, анам және мен спортшымыз отбасымызбен" тақырыбында аудандық отбасылық жарыс өтті. Жарыс мақсаты үштік одақты біріктіріп, спортта белсенді болуға және салауатты өмір салтын ұстануға шақырады. Жарысқа белсенді жасұландықтар мен олардың ата-аналары қатысты.

«Еңбек» бағыты бойынша – «жасұландықтардың» бойында еңбектің ең бірінші өмірлік қажеттілік, өмірлік табыстарға жетудің басты тәсілі мен жоғары құндылық екендігін түсіндіретін, олардың мамандандырылған бейініне әсер ететін, «бизнес-инкубаторлар» мен балалар кәсіпорындарын құру арқылы кәсіптік білім беретін, кәсіпкерлік, экономикалық және құқықтық біліктіліктерін қалыптастыратын бағыт.

«Күз береке, күз мереке» тақырыбында өткен мерекелік жәрмеңке ұйымдастырылды.

Мақсатында оқушыларды ұйымшылыққа, адалдыққа, еңбекқорлыққа, кәсіпкерлік қабілетін шыңдауға дағдыландыру. Шараға 5-7 сынып оқушыларынан құралған 16 топ қатысып, өз белсенділіктерін көрсетті.

1-10 сынып оқушылары арасында көктемгі демалысын тиімді падалану, отбасылық қолдау мен көктемгі тазалыққа үлес қосу мақсатында, интернет желісі арқылы қашықтықтан жоспарланған тәрбие жұмыстарына сәйкес "Тән саулығының тамыры-тазалықта" тақырыбында отбасылық сенбілікке шығып өз аулаларына тазалық, тал отырғызу, оны күтіп-баптау сынды жұмыстар жасады.

1-9 сынып оқушылары арасында көктемгі демалысын тиімді падалану, оқушы қыздардың анасына үй жұмыстарына көмектесу іс-шарасы «Қыз еркем, анасымен көркем» тақырыбында қашықтықтан интернет желісі арқылы ұйымдастырылды. Қыз бала анаға жақын болып келеді. Шыр етіп дүниеге келген нәресте ана құшағынан жұбаныш табады.

«Руханият» бағыты бойынша – «жасұландықтардың» өзіндік және басқа халықтардың адамгершілік, этикалық, бейнелеу- эстетикалық негіздерін дамытуға және қалыптастыруға, өз түсініктеріңді басқа адамдар мен әлеуметтік топтардың қызығушылықтарымен біріктіруге, жеке тұлғаның әдеп ұстанымын, оның қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлерімен келістірілетін моральдік қасиеттерін және бағдарларын қалыптастыруға арналған бағыт.

1-7 сынып оқушылары арасында көктемгі демалысын тиімді падалану, адамның жеке басының қалыптасуы отбасынан басталатындығын, отбасында адам бойындағы асыл қасиеттер жарқырай көрініп, қалыптасатындығын түсіндіру мақсатында "Менің отбасымдағы алтын ереже" тақырыбында

интернет желісі арқылы қашықтықтан іс-шара ұйымдастырылды. Әлемдегі барлық іс - әрекеттер белгілі бір ережелерден тұрады.

4-7 сынып жасұландық оқушылары арасында "Ғарышты бағындырғандар" тақырыбында қашықтықтан ұйымдастырылған деректер жинау, ақпараттық шолу жасау іс-шарасы өтті. Біздің мақсат оқушылардың ғарышкер болсам деген арманын ғылымға деген қызығушылықпен ұштастыру.

Көркем сурет және балалар мектебінің ұйымдастыруымен **"Нашақорлық-ғасыр дерті"** тақырыбында өткен аудандық плакаттар байқауына гимназиямыздың белсенді жасұландық оқушысы Шакиралиев Құдайберген және Елемесова Мадина қатысып өз шеберліктерін көрсетіп келді. Байқау қорытындысы бойынша Шакиралиев Құдайберген І дәрежелі димломмен марапатталса, Елемесова Мадина белсене қатысқаны үшін алғыс хат иеленді.

«Экоәлем» бағыты-табиғат туралы түсініктерін кеңейтуге, табиғат пен адамзат арасындағы байланысты сезінуге, қоршаған орта сұлулығын сезінуге және көре білуге, оны қорғауға, туған өлке табиғатын танып білуге, экологиялық мәдениетті қалыптастыруға, экологиялық зардаптардың себепін түсініп, оны жоюға ұмтылатын, жалпы экологиялық мәселенің адамзат тіршілігіне тікелей байланысын сезінуге ықпал ететін шараларды қамтиды.

Жамбыл облысы «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен өткен облыстық «Жасыл әлем» атты жасқырандықтарға арналған ертегілер байқауына гимназиямыздан 12 оқушы қатысты. ІІ кезеңнен тұратын байқауда Құдайберген Аяжан жүлделі І орынды иеленді.

«Бір тал ексең, он тал ек» тақырыбында қашықтықтан интернет желісі арқылы өткен іс-шараға гимназияның оқушылары тал егудің өзіндік бір тәрбие екендігін дәлелдеп, белсене қатысты. Адамзат өмірінде қай заманда, қай қоғамда болмасын озық ойлы, өз заманы мен өз замандастарынан оқ бойы алда жүретін көшбасшылар жасыл желекке, ағаш егуге, атын қалдыруға ерекше мән берген.

Табиғатқа сән беріп, аспанға көрік сыйлайтын кішкентай тіршілік иелеріне қамқорлық жасау мақсатында гимназия тәлімгері Б.Р.Кенесбековнаның ұйымдастыруымен 1-7 сынып оқушылары арасында қашықтықтан «Кұстар біздің досымыз» тақырыбында құстарға қамқорлық көрсетіп, ұяшық жасау байқауы өтті. Байқау соңында әділқазылар алқасының шешімі бойынша жүлделі орындар анықталып, мақтау қағаздары мен алғыс хаттар берілді.

II бөлім

2.1. Кіріспе

2024-2029 жылдарға арналған «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Байзақ ауданының білім бөлімінің Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесін дамыту бағдарламасы

2024-2029 жылдарға арналған «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Байзақ ауданының білім бөлімінің Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесін дамыту бағдарламасы Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы мемлекеттік саясатын жүзеге асыру мақсатына сәйкес әзірленіп, орта мерзімді даму перспективалары мен мүмкіндіктерді айқындайтын басқарушылық құжат болып табылады.

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 5-бап 106 тармағына сәйкес даму бағдарламасы міндетті құжат болып есептеледі және ол білім беру ұйымын дамытудың орта мерзімді стратегиялық бағыттарын айқындайды.

Бағдарлама білім беру ұйымын перспективалық дамыту жобасы ретінде:

- Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының нысаналы көрсеткіштеріне қол жеткізуге;

- білім саласындағы мемлекеттік тапсырысты сапалы және жан-жақты іске асыруды қамтамасыз ету мен білім беру қатынастары субъектілерінің білім беру сұраныстарын қанағаттандыруға;

- бағдарламаның мақсаттарына жету үшін білім беру процесінің барлық мүдделі қатысушыларының күш-жігерін шоғырландыруға мүмкіндік жасайды.

Бағдарламаны жүзеге асыру өзегі ретінде мектеп әкімшілігінің мақсатқа сай басқарушылық іс-әрекеті мен педагогикалық ұжымның шығармашылық бастамаларын үйлестіретін заманауи бағдарламалық-жобалық әдістеме алынған.

Бағдарламаны іске асыру бойынша педагогикалық ұжым тарапынан бастамалар педагогикалық жобалар ретінде рәсімделеді. Бағдарламаны жүзеге асырудың нәтижесінде мектептің жұмыс тиімділігі артады, білім беру процесіне қатысушылардың білім беру сапасына қанағаттанушылық деңгейі жоғарылайды.

**2.2. 2024-2029 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН «ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ БАЙЗАҚ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ
БӨЛІМІНІҢ ҒАНИ МҰРАТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ГИМНАЗИЯСЫ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІН ДАМУ
БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ**

Бағдарламаның атауы	2024-2029 жылдарға арналған «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Байзақ ауданының білім бөлімінің Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесін дамыту бағдарламасы
Бағдарламаны әзірлеу үшін негіздеме	– Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. – «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен). – Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын дамыту бағдарламасының құрылымын және оны әзірлеу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 28 тамыздағы № 273 бұйрығы. – «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары (ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.08.2021 ж. № ҚР ДСМ-76 бұйрығы). – Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы.
Бағдарламаны әзірлеуші	«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Байзақ ауданының білім бөлімінің Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жұмыс тобы
Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері	<i>Мақсаты:</i> Педагог мамандардың жанаша кәсіби ойлауын қалыптастыру арқылы әлеуметтік ортада гимназияның білім сапасын арттыру және бәсекеге қабілетін дамыту жолымен қазіргі заман талабына сай әлеуметтік бейімделе алатын, үнемі білім алуға және алған білімін кеңейтуге ұмтылатын, дені сау, адамгершілігі мол ұрпақ тәрбиелеу үшін тәрбие, білім беру ортасын құру. <i>Міндеттері:</i>

Кабинеттерді ақпараттық техникамен қамтамасыз ету жұмыстары салыстырмалы түрде қанағаттанарлық деңгейде	АКТ құралдарының мерзімді кезеңдерде жаңартылмауы	Білім бөліміне АКТ құралдарымен қамтамасыз етуге байланысты берілген сұраныстардың қанағаттандырылуы және қолда бар мүмкіндіктерді пайдалану арқылы демеушілердің есебінен жабдықтау жұмыстарын жалғастыру	Қаржыландырудың жеткіліксіз болуы
Ақпараттық ресурстар			
Ішкі мықты жақтары	Ішкі осал жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
Гимназияның оқу-тәрбие процесін басқаруды цифрландыру жұмыстарының жүргізілуі	Материалдық базаның ескіруі	Жоғары жылдамдықты интернет желісіне қосылу	Қаржыландырудың жеткіліксіздігі
Гимназия жұмысын цифрландыру арқылы ашықтықты қамтамасыз ету нәтижесінде ата-аналар мен оқушылардың белсенділігінің	Тиісті АКТ жеткіліксіздігі	Демеушілер арқылы қаржыландыру	Қаржыландырудың жеткіліксіздігі

артуы			
Білім беру және инновациялық қызмет сапасын арттыруға оқу-әдістемелік шарттар			
Ішкі мықты жақтары	Ішкі осал жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
Педагогтердің зерттеу дағдыларының қалыптасуы	Мектепшілік зерттеулердің ғылыми-әдістемелік тұрғыдан осал сүйемелденуі	Жоғары оқу орындары және мұғалімдердің біліктілігін арттыру орталықтарымен байланысты жүйелеу	Зерттеу жұмыстарының негіздемесінің дұрыс таңдалмауы
Педагогтердің кәсіби жетілуін қолдауға бағытталған мектепшілік инновациялық жобаларының жүзеге асырылуы	Педагогтердің инновациялық жобалармен жұмыс істеу әлеуетінің жеткіліксіздігі	Педагогтердің кәсіби жетілуін қолдаудың инновациялық жобаларының тиімділігі мен қолжетімділігін арттыру	Педагогикалық инновацияларды жеткілікті деңгейде қолдау мен дамытудың кешенді жоспарланбауы
Білім беру мазмұнын іске асыру			
Ішкі мықты жақтары	Ішкі осал жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын жақсы және өте жақсы деңгейде меңгерген оқушылар үлесінің өсу динамикасының болуы	Орыс тілінде оқитын сыныптарда білім сапасының төмендеуі	Мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыру арқылы оқытудың тиімділігін арттыру	Педагогтердің оқушы уәжін қалыптастыра білмеуі. Әлеуметтік жағдайдың оқушының білім алуына кері әсері.
Білім алушылардың зияткерлік және шығармашылық қабілеттерінің даму шарттары, білім беру сапасы			
Ішкі мықты жақтары	Ішкі осал жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
Білім алушылардың зияткерлік және шығармашылық байқауларға қатысу үлесінің көбеюі	Республикалық және халықаралық деңгейде жүлделі орындарды иеленген оқушылардың үлесінің аз болуы. Мұғалімдердің дарынды балалармен жұмыс істеу дағдыларының жеткіліксіздігі	Дарынды оқушыларды қолдау бойынша мектепшілік инновациялық жобаларды жүзеге асыру	Дарынды оқушыларға қолдау көрсететін мектепшілік жүйенің тиімсіз болуы

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар мен идеалдарға бағдарланған белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке тұлғаны қалыптастыру және өзін-өзі іске асыру шарттары			
Ішкі мықты жақтары	Ішкі осал жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
Гимназияның пайымдауына сәйкес азаматтық ұстанымы бар жеке тұлғаны қалыптастыру мақсатында инновациялық жобалар жүзеге асырылады.	Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымы жұмысын заман талаптарына сай реформалаудың қажеттілігі	Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымы жұмысын жүйелеу	Өзін-өзі басқару ұйымдарын басқару тұжырымдамаларының заман талаптарына сәйкес келмеуі
Білім алушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру және іске асыру шарттары			
Ішкі мықты жақтары	Ішкі осал жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
Оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында мектепшілік «Саламат» жобасының жүзеге асырылуы	Спорттық жабдықтардың ескіруі және жеткіліксіздігі	Мемлекеттік және демеушілік қаржыландыру арқылы спорттық жабдықтарды толықтыру	Қаржыландырудың жеткіліксіздігі

1990 жылдарда қалыптасқан мектептің кадрлық құрамы ұжымның негізін құрайды. Осы құрамның жұмысы барысында мектептің негізгі құндылықтары айқындалып, пән мұғалімдерінің кәсіби өсуіне оңтайлы орта пайда болды. Командалық жұмыс принциптері қалыптасты.

Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясы базасында бірнеше республикалық және облыстық эксперимент алаңдары жұмыс жасады:

- 4) **Республика деңгейінде:** 2003-2015 жылдары Ы. Алтынсарин атындағы Білім Академиясының базалық мекемесі болып тағайындалып, «12-жылдық білім беру мектептің ұлттық моделін құру» тақырыбында эксперименті жүргізілді.
- 5) **Республика деңгейінде:** 2012 жылдан бастап «e – learning» электронды оқыту жүйесі енгізілді.
- 6) **Республика деңгейінде:** 2015-2016 оқу жылында қазақ тілінен басқа тілде оқытатын мектептердің 1-11 сыныптарына арналған қазақ тілінің деңгейлік оқулықтарын сынақтан өткізу жұмыстары жүргізілді.
- 4) **Облыс деңгейінде:** 2001 жылдан «Салауатты өмір салтын насихаттау жобасының» тірек мектебі болып жұмыс істеуде.
- 5) **Облыс деңгейінде:** 2014 жылдан бастап Назарбаев зияткерлік мектебінің тірек мектебі ретінде таңдалып, «Педагогикалық үдеріске қатысушыларды зерттеу мектебі» экспериментінің жобасы жасалды.

6) Облыс деңгейінде: 2022 жылдан бастап «Білім сапасын қамтамасыз етуде мектеп жұмысын цифрлық трансформациялаудың ұйымдастыру-педагогикалық шарттары» тақырыбындағы ғылыми-педагогикалық эксперименттік жұмысының тұжырымдамасы жасалды.

Аталған іс-шаралар мектеп ұжымының зерттеушілік дағдыларын қалыптастырып, командалық жұмыс жүйесінің нығаюына өз септігін тигізді.

Педагогтердің гимназияны дамытудың перспективалары мен бағыттары туралы пікірлері: гимназия педагогтерінің пікірлерін зерттеу мақсатында анонимді түрде сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға мектеп ұжымының (134 педагог) 97 педагогі, яғни 72%-ы қатысты. Сауалнама қорытындылары төмендегідей:

- Мектеп жұмысына қанағаттанатын педагогтердің үлесі: 98%;
- Әдістемелік көмектің тиімділігіне қанағаттанатын педагогтердің үлесі: 96,9%;
- Мектеп әкімшілігінің басқару стиліне қанағаттанатын педагогтердің үлесі: 94,9%;
- Мектептің оқу-материалдық базасына қанағаттанатын педагогтердің үлесі: 81,5% -ды құрап отыр.

Жүргізілген сауалнама қорытындысы бойынша болашақта төмендегі бағыттарға назар аудару қажет:

- мектепшілік менеджментті жетілдіру, бөлінген көшбасшылық принциптерін қолдау;
- әдістемелік қолдау жүйесінің тиімділігін арттыру;
- мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту.

Білім алушылар мен ата-аналардан алынған сауалнама қорытындылары:

1) ата-аналардың пікірлерін зерттеу мақсатында анонимді түрде сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға 8-11 сынып оқушыларының 159 ата-анасы, яғни 55%-ы қатысты. Сауалнама қорытындылары төмендегідей:

- Мектеп сапалы білім береді: 86,1%;
- Мұғалімдер менің баламды әділ бағалайды: 78%;
- Мен баланың оқу жетістіктері мен мінез-құлқы туралы ақпараттандыру сапасына қанағаттанамын: 92,5%;
- Баламның сынып жетекшісінің жұмысына көңілім толады: 93,1%;
- Мектепте біздің баламыз үшін пайдалы және қызықты іс-шаралар өткізіледі: 85,5%;
- Баламның мектеп өміріне араласуына ынтасы бар: 85,5% -ды құрады.

Жүргізілген сауалнама қорытындысы бойынша болашақта төмендегі бағыттарға назар аудару қажет:

- оқушыны критериалды бағалау жүйесін жетілдіру, педагогтерге әдістемелік ұсыну;
- білім беру сапасын жақсарту бойынша іс-шаралардың тиімділігін арттыру.

2) оқушылардың пікірлерін зерттеу мақсатында анонимді түрде сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға 8-11 сынып оқушыларының 196 оқушы, яғни 54,5%-ы қатысты. Сауалнама қорытындылары төмендегідей:

- Мен өз мектебімде оқуға қызығамын: 89%;
- Біздің мектеп мұғалімдерінен қиын жағдайда көмек сұрауға болады: 79,1%;
- Мен әрқашан өз пікірімді еркін айта аламын: 79,5%;
- Мұғалім менің мінез-құлқымды емес, білімімді бағалайды: 74,5%;
- Менің мектепшілік іс-шараларға қатысуға деген құлшынысым мен қажеттілігім бар: 65%-ды құрады.

Жүргізілген сауалнама қорытындысы бойынша болашақта төмендегі бағыттарға назар аудару қажет:

- оқушылардың өз ойларын еркін айтуына мүмкіндік беретін іс-шараларды ұйымдастыру, өзін-өзі басқару ұйымы жұмысының тиімділігін арттыру;
- оқушылардың оқу жетістіктерін нақты бағалауды жүйелі жүргізу;
- мектепшілік іс-шараларды формалық және мазмұндық трансформациялау арқылы оқушылардың сұраныстарын қанағаттандыру.

Бағдарламаны жүзеге асырудың болжамы мен тәсілдері:

2024-2029 жылдарға арналған «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Байзақ ауданының білім бөлімінің Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесін дамыту бағдарламасын 2019-2025 жылдарға арналған «Табысты гимназия – 2025» стратегиялық даму бағдарламасының ізбасары ретінде қарастырылып, білім саласындағы бүгінгі күнгі өзгерістер мен реформаларды басшылыққа ала отырып, сонымен қатар назардан тыс қалған олқылықтары мен кемшін тұстарын толықтырып дайындалған құжат болып табылады.

2024-2029 жылдарға арналған «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Байзақ ауданының білім бөлімінің Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесін дамыту бағдарламасын жүзеге асыру өзегі ретінде мектеп әкімшілігінің мақсатқа сай басқарушылық іс-әрекеті мен педагогикалық ұжымның шығармашылық бастамаларын үйлестіретін заманауи бағдарламалық-жобалық әдістеме алынды.

Бағдарламаны жүзеге асырудан күтілетін болжам:

- Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясының білім беру ұйымдары арасындағы бәсекеге қабілеттілігі артады;
- гимназия педагогтері кәсіби тұрғыдан кемелденіп, инновациялық жобаларды жүзеге асыруға бейімделеді;
- гимназия оқушылары ұлттық құндылықтарды бойына сіңіру арқылы бәсекеге қабілетті болып, икемді дағдылары қалыптасады.

2.4. МИССИЯ ЖӘНЕ ПАЙЫМ

Мектеп миссиясы: Мемлекеттің дамуына үлес қосатын, көптілді және рухани кемелденген, саламатты тұлға қалыптастыру.

Мектеп пайымы: Заманауи білім дағдылары мен мектеп құндылықтарын меңгерген түлектеріміз: рухани кемелденген, елжанды, бәсекеге қабілетті жаңашыл әрі дара тұлға ретінде мемлекет дамуына үлес қосады.

Өзектілігі: «Табысты гимназия - 2029» даму бағдарламасы «Заманауи мектеп» және «Жаңа ұрпақ» кешенді жоспарларынан тұрады. Аталған кешенді жоспарлар аясында 7 жобаны жүзеге асыру арқылы білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты қолдау жоспарланып отыр. Кешенді жоспарлар мен жобалардың негізгі мақсаты – педагогтерді кәсіби кемелдендіру, мектеп жұмысын цифрлық қолдау және мектепшілік тәуелсіз бақылауды енгізу арқылы ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиеленген, азаматтық қоғамның негізін қалаушы, бәсекеге қабілетті, білімді тұлға тәрбиелеу.

«Табысты гимназия – 2029» даму бағдарламасының құрылымы:
«Заманауи мектеп» кешенді жоспары:

1. «Шебер ұстаз» жобасы
2. «Цифрлы гимназия» жобасы
3. «Гимназиялық сапа» жобасы

«Жаңа ұрпақ» кешенді жоспарынан:

1. «Азамат» жобасы
2. «Саламат» жобасы
3. «Тұлға» жобасы
4. «Сәтті қадам» жобасы

Қолжетімділік: 2024-2029 жылдарға арналған «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Байзақ ауданының білім бөлімінің Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесін дамыту бағдарламасында мектепті дамытудың тетіктері айқын, жобалар нақты және нысаналы индикаторлар ұжымның әлеуетін ескере отырып дайындалды. Сонымен қатар білім саласындағы реформалар мен тың талаптарды назарға алып, бағдарлама мақсатына қол жеткізу тетіктері жобалық сипатта дайындалды. Бұл жобалар аясында уақыттың өзекті мәселелері мен проблемалар кіші жобаларды жүзеге асыру арқылы шешімін тауып отыратын болады. Бұл білім беру ұйымын дамыту бағдарламасының білім мен тәрбие берудегі кедергілерді мобилді түрде тиімді әрі шұғыл жоюға септігін тигізеді.

Кешенділік: 2024-2029 жылдарға арналған «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Байзақ ауданының білім бөлімінің Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесін дамыту бағдарламасында гимназия қызметінің барлық салаларын, соның ішінде: кадрлармен қамтамасыз ету, педагогтердің біліктілігін арттыру, мектеп жұмысының ашықтығын қамтамасыз ету мен басқарудың, білім сапасын тәуелсіз бақылау, білім берудің тиімділігін арттыру мақсатында сандық технологияларды мүмкіндіктерін пайдалану, құндылықтарға бағытталған тәрбие беру кешенді түрде қамтиды.

Әр бағыт бойынша нақты жоба дайындалып, мектеп ұжымында талқыланып, мақсат, міндеттері айқындалды. Нәтижесінде әр жобаға мектеп

директорының орынбасарлары үйлестіруші ретінде бекітіліп, нақты жауапкершілік жүктелді.

2.5. НЫСАНАЛЫ ИНДИКАТОРЛАР ЖӘНЕ КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР

Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын дамыту бағдарламасының құрылымына
2-қосымша

№	Нысаналы индикаторлар	Өлшем бірлігі	Жоспарлы кезеңде					2029 жыл
			2024 жыл	2025 жыл	2026 жыл	2027 жыл	2028 жыл	
1-мақсат. Педагог кадрлардың кәсіби біліктілігі мен мәртебесін арттыру («Шебер ұстаз» жобасы аясында)								
1	«Педагог-шебер», «педагог-зерттеуші» санатты педагогтердің үлесі	%	38,8%	39%	39,5%	40%	40,5%	41%
2	Авторлық бағдарлама дайындаған педагогтердің үлесі	%	14,9%	15%	16%	17%	20%	22%
3	Облыстық педагогикалық байқаулардың жеңімпаздарының үлесі	%	20%	22%	24%	26%	28%	29%
4	Республикалық педагогикалық байқаулардың жеңімпаздарының үлесі	%	5%	7%	9%	11%	15%	16%
2-мақсат. Педагогтерді әдістемелік сүйемелдеу («Шебер ұстаз» жобасы аясында)								
5	Облыстық деңгейде іс-тәжірибесімен бөлісетін педагогтердің үлесі	%	18,6%	20%	22%	24%	26%	27%
6	Республикалық деңгейде іс-тәжірибесімен бөлісетін педагогтердің үлесі	%	11%	13%	15%	17%	19%	20%
7	Мектепшілік тәжірибесін тарататын педагогтердің үлесі	%	31%	35%	37%	39%	41%	43%
3-мақсат. Білім беру менеджментінің сапасын жақсарту («Цифрлы гимназия» жобасы аясында)								
8	«Білім сапасын қамтамасыз етуде мектеп жұмысын цифрлық трансформациялаудың ұйымдастыру-педагогикалық шарттары» тақырыбындағы ғылыми-педагогикалық эксперименттік жұмысы аясында зерттеу мақалаларын жариялау	саны	2	2	3	3	4	4
9	Ғылыми-педагогикалық эксперименттік жұмысы аясында әдістемелік құрал дайындау	саны	1	2	2	3	3	4
4-мақсат. Білім сапасын бағалау («Гимназия сапасы» жобасы аясында)								

10	Оқушылардың білім сапасының көрсеткіші	%	69,5%	70%	70,5%	71%	71,5%	72%
11	Жоғарғы оқу орындарына оқуға қабылданған «грант» иегерлерінің үлесі	%	50%	52%	53%	54%	55%	56%
12	«Гимназия сапасы» тәуелсіз бақылауының негізгі пәндер бойынша тест сұрақтары қорындағы нұсқалардың санын арттыру	саны	2	4	6	8	10	11
5-мақсат. Жастардың азаматтық белсенділігін арттыру («Азамат» жобасы аясында)								
13	Оқушылардың құқықтық сауаттылығы	%	71%	75%	78%	80%	85%	86%
14	Мектепшілік іс-шараларға қатысуға құлшыныс танытатын оқушылардың үлесі	%	64,8%	70%	76%	82%	91%	92%
15	Патриоттық тәрбиелік іс-шаралардың үлесі	%	12%	15%	18%	21%	25%	26%
6-мақсат. Біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру («Тұлға» жобасы аясында)								
16	Оқушылардың жалпы санынан жалпы пәндер бойынша республикалық олимпиаданың аудандық кезеңінің жеңімпаздарының үлесі	%	1,5%	1,6%	1,8%	2%	2,2%	2,3%
17	Оқушылардың жалпы санынан жалпы пәндер бойынша республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінің жеңімпаздарының үлесі	%	0,5%	0,6%	0,8%	0,9%	1%	1,2%
18	Оқушылардың жалпы санынан жалпы пәндер бойынша республикалық олимпиаданың республикалық кезеңінің жеңімпаздарының үлесі	%	0,1%	0,12%	0,14%	0,15%	0,18%	0,2%
19	Оқушылардың жалпы санынан ғылыми жоба байқауының аудандық кезеңінің жеңімпаздарының үлесі	%	1,5%	1,6%	1,8%	2%	2,2%	2,3%
20	Оқушылардың жалпы санынан ғылыми жоба байқауының облыстық кезеңінің жеңімпаздарының үлесі	%	0,5%	0,6%	0,8%	0,9%	1%	1,2%
21	Оқушылардың жалпы санынан ғылыми жоба байқауының республикалық кезеңінің жеңімпаздарының үлесі	%	0,1%	0,12%	0,14%	0,15%	0,18%	0,2%
Біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру («Саламат» жобасы аясында)								
22	Мектептен тыс спорттық үйірмелерге қатысатын оқушылардың үлесі	%	18%	20%	22%	16%	30%	31%
23	Мектептен тыс музыка, өнер	%	4,2%	6%	8%	10%	15%	16%

	үйірмелеріне қатысатын оқушылардың үлесі							
24	Спорттық іс-шаралардың үлесі	%	15%	17%	19%	21%	24%	25%
25	Экологиялық тәрбиелік іс-шаралардың үлесі	%	3%	6%	10%	13%	15%	16%
Біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру («Сәтті қадам» жобасы аясында)								
26	«Парасат» әкелер мектебі аясындағы тәрбиелік іс-шаралардың үлесі	%	4%	8%	12%	15%	20%	22%
27	«Ақжаулық» аналар мектебі	%	4%	8%	12%	15%	20%	21%
28	«Алтын ұя» түлектер қауымдастығы	%	2%	5%	9%	11%	14%	15%
7-мақсат. Мектептің материалдық-техникалық базасын жетілдіру								
29	Бақылау камераларының санын арттыру	саны	37	37	40	45	50	50
30	Турникет қойдыру	саны	-	1	-	-	-	-
31	1 компьютерге келетін оқушылардың саны	саны	6	5	5	4	4	3
32	Интерактивті панель саны	саны	3	4	8	10	15	15

2024-2029 жылдарға арналған «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Байзақ ауданының білім бөлімінің Гани Мұратбаев атындағы гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесін дамыту бағдарламасын жүзеге асыру нәтижесінде гимназия моделі, гимназия педагогінің моделі және гимназия түлегі моделі жасалады.

Гимназия моделі – 2029:

Осы даму бағдарламасын жүзеге асыру нәтижесінде мектептің білім беру жүйесі төмендегі межеге қол жеткізеді:

1) мектеп оқушылар Қазақстан Республикасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары» талаптарына сәйкес келетін сапалы білім алып, тәуелсіз аттестаттау нысандары арқылы расталады;

2) мектеп түлектері жоғары және орта кәсіптік білім беру жүйесінде бәсекеге қабілетті болады;

3) мектепте заманауи талаптарға сай мәдени-адамгершілік және ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбие жүйесі жұмыс істейді;

4) мектептің қызметі оқушылардың денсаулығына зиян келтірмейді, онда олар өздерін қауіпсіз сезінеді және қоршаған ортаның жағымсыз әсерінен қорғалған;

5) мектепте жоғары кәсіби және шығармашыл педагогикалық ұжым жұмыс істейді;

6) мектеп педагогтері өз тәжірибелерінде заманауи оқыту технологияларын қолданады;

7) мемлекеттік-қоғамдық басқару тетіктері арқылы мектептің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етіп қана қоймай, оның дамуына ықпал ететін тиімді басқару жүйесі қалыптасқан;

8) мектеп өз жоспарлары мен жобаларын жүзеге асыруға жеткілікті заманауи материалдық-техникалық базаға ие;

9) мектеп қосымша білім беру мекемелімен тиімді серіктестік қарым-қатынас орнатқан;

10) гимназия қызметі тұтынушылар арасында сұранысқа ие және олар оның қызметтеріне қанағаттанады, бұл оның білім беру нарығындағы көшбасшылығын қамтамасыз етеді.

Гимназия педагогінің моделі – 2029:

Ағымдағы жай-күйі мен атқарылған жұмыс нәтижелерінің сараптамалық талдауын ескере отырып, гимназия педагогінің келесі құзыреттілік моделі қалыптастырылады:

1) коммуникативтік мәдениеттің жоғары деңгейінің болуы, диалог режимінде жүзеге асырылатын күрделі коммуникацияны ұйымдастырудың теориясы мен тәжірибесін меңгерген;

2) өз пәні саласында теория мен практиканың жетістіктерін игеру қабілеті бар: ғылымилық және өзектілік тұрғысынан пәндік білімді талдау және синтездеу;

3) бірегей педагогикалық идеяларды қалыптастыруға және инновациялық педагогикалық нәтижелер алуға мүмкіндік беретін жеке шығармашылық қасиеттерді қалыптастыруға және дамытуға ұмтылу;

4) рефлексивті мәдениеттің болуы, өзіндік рефлексия және педагогикалық үдеріске қатысушы субъектілермен бірлескен рефлексия жасау қажеттіліктері қалыптасқан;

5) әдіснамалық мәдениеттің, тұжырымдамалық ойлау, педагогикалық процесті моделдеу және өз қызметінің нәтижелерін болжау дағдыларының болуы;

6) ақпараттың көптігі мен сан-алуандығын ескере отырып, таңдау, сараптау, талдау мен интерпретациялау мәдениетінің болуы;

7) кәсіби бәсекелестік ұғымын педагог тұлғасын дамытудың қозғаушы күшінің бірі ретінде қабылдау;

8) бәсекелестік жағдайында кәсіби табыстылықты айқындаушы қасиет ретінде педагогикалық үдерістің түпкі нәтижесіне жауапкершілікті ала білу мен педагогикалық менеджмент мәдениетінің болуы;

9) жүйелі педагогикалық ойлау туралы теориялық танымдық көзқарастың қалыптасуы, тұтастай алғанда өзінің педагогикалық қызметі туралы жүйелі зерттеу тәжірибесінің болуы;

10) педагогикалық іс-әрекет әдісін педагогтің ең жоғарғы кәсіби құндылығы ретінде түсінуі.

Гимназия түлегі моделі – 2029:

Мектеп түлегінің перспективалық моделі төмендегі ұлттық білім беру идеалы негізінде құрылады: жоғары адамгершілікті, шығармашыл, құзыретті азамат ретінде отан тағдырын өзінің жеке тағдыры ретінде қабылдайтын, өз елінің бүгінгі мен болашағы үшін жауапкершілікті сезінетін, қазақ халқының рухани және мәдени дәстүрлеріне негізделген және оның қазіргі әлемде өзін-өзі жүзеге асыруына үлес қосуға дайын тұлға. Дайындық ұғымы түлектің қажеттіліктері мен қабілеттерінің бірлігін көрсетеді.

Тиісінше, мектеп қызметінің нәтижесі ретінде бір жағынан, түлектің жеке тұлғалық қасиеттерін, екінші жағынан, әлеуметтік ортада маңызға ие құзыреттілігін қалыптастыру.

Түлектің келесі ерекшеліктері болуы керек:

- 1) қазіргі әлемде өзін-өзі позитивті жүзеге асыруға ұмтылу;
- 2) мектептегі оқытудың негізгі пәндері бойынша берік білім;
- 3) өз бетінше білім алу қабілеті, тиімді жұмыс жасау мен табыс табу, қоғамда толыққанды өмір сүру;
- 4) әлемдік мәдениет негіздерін меңгеру, өзін жалпыадамзаттық құндылықтарды тасымалдаушы ретінде қабылдау, мәдени кеңістікте шығармашыл тұлға бола алу және жалпыадамзаттық құндылық негізінде өмірлік ұстанымдары мен мақсаттарын жүзеге асыра білу қабілетінің болуы;
- 5) моралдық және адамгершілік ұстанымдары берік болып, кез-келген уақытта өз Отанын қорғауға, Қазақстан Республикасы Конституциясын, мемлекеттік рәміздерін құрметтеу;
- 6) саламатты өмір салтын сақтау;
- 7) нарықтық және ақпараттық технологиялар жағдайында өмір сүре білу, шетел тілі мен компьютерлік техниканы білу, икемді дағдыларға ие болу;
- 8) ұлттың тарихы мен құндылықтарын бойына сіңірген, өз ана тілі мен қазақ халқының мәдениетін, дәстүрлерін білетін, азаматтық қоғамның белсенді өкілі болу;
- 9) қоғамдық және жеке өмірде табысқа жету үшін коммуникативтік мәдениеттің болуы, іскерлік қарым-қатынас дағдыларын меңгеруі, тұлғааралық қарым-қатынас жасай білу;

10) мамандық таңдай білу, қоғамдық-саяси өмірде бағыт бағдар ұстай білу, отбасылық өмірде қиындықтарды жеңе білу, өзінің құқытарын қорғай білу мен ұлттық-рухани мәдениет негізінде өзінің міндеттерін түсіне алу.

2.6. МЕКТЕПТІҢ ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ 2024-2029 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

2024-2029 жылдарға арналған «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Байзақ ауданының білім бөлімінің Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесін дамыту бағдарламасын жүзеге асыру мерзімдері: 2024-2029 жылдар.

Дамыту бағдарламасы үш кезеңде іске асырылатын болады:

- бастапқы кезең: 2024 жыл;
- негізгі кезең: 2025-2028 жылдары;
- қорытынды кезең: 2029 жыл.

Бағдарламаның жүзеге асырылуын басқару мен бақылау демократиялық және жүйелілік қағидалары негізінде жүзеге асырылады. Қазіргі сәтте мектепті басқару өзін-өзі басқару мен демократияға негізделген құрылымы көп деңгейлік жүйені құрайды.

Дамыту бағдарламасының жүзеге асырылуына заңнамалық жауапкершілік гимназия директорына жүктелгендіктен, орындауға міндетті шешімдерді қабылдауға құқылы болады. Директор орынбасарлары лауазымдық міндеттеріне байланысты өз өкілеттілік шеңберінде айқындалған бағыттар бойынша жауапкершілікті алып, аралық, қорытынды бақылау жүргізеді.

Бағдарламаның орындалуын басқарудың келесі тетігі – мектептің педагогикалық кеңесінің басқаруындағы пән мұғалімдерінің әдістемелік бірлестіктері мен белгілі бір мақсаттарды жүзеге асыру мақсатында құрылатын шығармашылық және фокус топтар және оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымдары.

Гимназияның педагогикалық кеңесі, әдістемелік кеңесі мен директор жанындағы кеңесі шешім шығарушы және дауысқа салушы алқалық өкілеттілікке ие.

Дамыту бағдарламасының аралық қорытындылары туралық ақпарат жұмыс барысында әр жартыжылдықта педагогикалық ұжымға, қажет болған жағдайда қамқоршылық кеңесіне, ата-аналар мен оқушыларға хабарланатын болады.

Гимназияның инновациялық әлеуетін дамыту мақсатында туындаған қиындықтарды шешу мақсатында кіші жобаларды жүзеге асыру өте маңызды

Бағдарламаның жүзеге асырылу жолдары

Стратегиялық даму бағдарламасының құрылымы:


Дамыту бағдарламасы «Заманауи мектеп» және «Жаңа ұрпақ» кешенді жоспарынан тұрады.

«Заманауи мектеп» кешенді жоспарынан:

1. «Шебер ұстаз» жобасы
2. «Цифрлы гимназия» жобасы
3. «Гимназиялық сапа» жобасы

«Жаңа ұрпақ» кешенді жоспарынан:

1. «Азамат» жобасы
2. «Саламат» жобасы
3. «Тұлға» жобасы
4. «Сәтті қадам» жобасы



Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясының «Заманауи мектеп» кешенді жоспарының «Шебер ұстаз» жобасы

Мақсаты:

Заманауи педагогикалық зерттеу дағдыларын меңгеріп, мектеп оқушыларының сапалы білім алуын қамтамасыз ететін, үздіксіз кәсіби дамитын, шебер ұстаз қалыптастыру.


Міндеттері:

- Педагогтардың біліктілігін жетілдіруі мен үздіксіз дамуына басшылық жасау;
- Мектептің даму бағдарламасын жоспарлауға және жүзеге асыруға педагогтардың белсенді қатысуын қамтамасыз ету;
- Мемлекеттік білім беру стандарты мен оқу бағдарламаларының жүзеге асырылуын қадағалау;

- Қол жеткізілген нәтижелер мен даму деңгейі үдерісіне сараптау жасап, шығармашылық жұмысқа қолдау көрсету,
- Озық педагогикалық тәжірибенің таратылуын ұйымдастыру және қолдау,
- Кәсіби дамуды әдістемелік қолдау арқылы үздіксіз жетілуді қамтамасыз ету,
- Оқушылардың сапалы білім алуын қамтамасыз ету.

Күтілетін нәтиже:

- Педагогтардың біліктілігін жетілдіруі мен үздіксіз дамуы қамтамасыз етіледі;
- Мектептің даму бағдарламасын жоспарлауға және жүзеге асыруға педагогтар белсенді қатысады;
- Мемлекеттік білім беру стандарты талаптары мен оқу бағдарламалары орындалады;
- Қол жеткізілген нәтижелер мен даму деңгейі үдерісіне сараптау жасалып, шығармашылық жұмысқа қолдау көрсетіледі;
- Озық педагогикалық тәжірибе таратылып, мұғалімдердің кәсіби шеберлігі шындалады;
- Оқушылардың сапалы білім алуы қамтамасыз етіледі.



Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясының «Заманауи мектеп» кешенді жоспарының «Цифрлы гимназия» жобасы

Мақсаты:

Оқу үдерісіне цифрлық технологияларды енгізу арқылы білім және тәрбие процесінің тиімділігі мен сапасын арттыру

Міндеттері:

- Барлық сатыдағы мектеп персоналдарының жұмыс орнын автоматтандыру жүйесін жүзеге асыру;
- Мектеп оқу кабинеттерінің цифрлы зертханалыры мен заманауи компьютерлерінің үлесін арттыру;

- Мұғалімдер мен білім алушылардың ақпараттық құзыреттілігін және компьютерлік сауаттылығын жетілдіру;
- Интернет желісіндегі сайттар арқылы білім мекемесінің және мұғалімдер мен оқушылардың ақпараттық кеңістігін кеңейтуге мүмкіндік жасау.

Күтілетін нәтижесі:

- Мектептің цифрлы білім беру контентін қалыптастыру;
- Барлық сатыдағы мектеп персоналдарының жұмыс орны автоматтандырылады;
- Мектеп сайтының мазмұндық сапасы мен жұмыс істеу мүмкіндіктері артады;
- Цифрландыру жүйесі арқылы сапалы форматтағы білім алу қолжетімділігі қалыптасады;
- Мектеп басқаруының әділ де, ашық кеңістігі жасалады.



Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясының «Заманауи мектеп» кешенді жоспарының «Гимназия сапасы» жобасы

Мақсаты:

Жалпы білімдік іскерліктер мен нәтижеге бағытталған оқу дағдыларын меңгерген, функционалды тұрғыдан сауатты, ұжымдық жұмысқа және өз бетінше білім алуға бейімдескен тұлға қалыптастыру.


Міндеттері:

- Білім беру сапасын бағалаудың айқын жүйесін әзірлеу;
- Жекелеген пәндерді оқытуды кеңейту және тереңдету;
- Қалай оқу керектігін үйрету;
- Коммуникативті қарым-қатынас тәсілдерін, оның ішінде тілдік дағдыларды пайдалану;

- Оқушының адамгершілік - рухани қасиеттерін қалыптастыру;
- Инновациялық білім негіздерін терең меңгеру;
- Өзін және өзгелерді бағалау арқылы кері байланысқа түсу;
- Оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту.

Күтілетін нәтиже:

- Білім сапасы әділ бағаланады;
- Оқушылар проблемаларды қайта қарауға ұмтылады, идеялар ұсынып, болжам жасайды;
- Өзін-өзі сынау және бағалау, кері байланыс беру дағдылары қалыптасады;
- Түйінді қағидаттарды жеңіл игереді;
- Оқушылар өзін-өзі реттейді және өзіндік мақсат қоя біледі;
- Коммуникативті тұлға қалыптасады;
- Қоғамдық жағдайларда көшбасшылық орната алады;
- Ғылымның негізін меңгеріп, ғылыми дүниетанымы қалыптасады;
- Зияткерлік пайымдауы мен қиялы дамиды.



Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясының «Жаңа ұрпақ» кешенді жоспарының «Азамат» жобасы

Мақсаты:

Жас жеткіншектерге “Мәңгілік ел” ұлттық идеясы құндылықтарын бойына сіңіру мен ұлы даланың қасиетті жеті қырын аманаттау аясында тарихын, мәдениетін, тілін құрметтеуге тәрбиелеу, ұлттық құндылықтарды меңгерту, білім алуға құштарлығын ояту мен патриоттық және құқықтық тәрбие берудің негізін қалыптастыру.

Міндеттері:

- Жеткіншектерге патриоттық және рухани тәрбие беру негізінде “Мәңгілік ел” ұлттық идеясының жеті бағыты бойынша танымдық іс-шара бағдарын жүйелі жүргізу;

- “Ұлы даланың жеті қырын” ұлттық мақтаныш, ұлы мұрат ретіндегі маңыздылығын таныту, насихатталуын арттыру;

- Жас буынның зияткер ұрпақ ретіндегі білім алуға деген құлшынысын арттырудағы сапалы іс-шаралардың маңыздылығын күшейту;

- Оқушылардың бала жастан сыни ойлау дағдыларын тәрбиелеу мен құқықтық сауаттылықтарын жетілдіруде жаңа форматты тәрбиелеу технологияларын тиімді қолдану.


Күтілетін нәтиже:

- “Мәңгілік ел” ұлттық идеясының жеті бағытын жүйелі жүргізу негізінде өз елінің патриоты екенін сезіне алады;

- “Ұлы даланың жеті қырын” ұлттық мақсатымыз екенін біледі;

- Жас буын білімге деген құлшынысын арттыратын іс-шараға қатыса отырып, зияткер тұлға болып қалыптасады;

- Жаңа форматты тәрбиелеу технологияларды тиімді жүргізу негізінде, оқушыларды сыни ойлау дағдысы мен құқықтық сауаттылығы артады.



Ғани Мұратбаев гимназиясының «Жаңа ұрпақ» кешенді жоспарының «Тұлға» жобасы

Мақсаты:

Заманауи білім мен зерттеуді меңгеріп, ұлттық ерекшеліктерді бойына сіңірген, икемді дағдыларға ие тұлға қалыптастыру.

Міндеттері:

- дарынды балаларды анықтау және жұмыс жүйесін жасау;

- дербес сөйлау дағдылары мен ғылыми-зерттеушілік қабілеттерін жетілдіретін жұмыс жүйесін қалыптастыру;
- оқушыларға ғылым негіздері туралы білімді меңгерту арқылы ғылыми дүниетанымының дамуын жетілдіру;
- танымдық қызығушылықтары мен танымдық белсенділіктерін арттыру;
- оқушылардың бойында дайындық деңгейін көтеру және білімді үздіксіз толықтырып отыру қажеттіліктерін дамыту;
- оқушыларды көпшілік мамандықтар туралы түсінікпен таныстыру;
- кәсіптік қызығуы мен бейімділігін, қабілеттілігін қалыптастыру және дамыту мақсатында оқушылардың дара ерекшеліктерін зерттеу.

Күтілетін нәтиже:

- дербес ойлау дағдылары мен ғылыми-зерттеушілік қабілеттерін жетілдіретін жұмыс жүйесі қалыптасады;
- оқушылардың ғылыми дүниетанымы қалыптасады;
- оқушылардың танымдық қызығушылықтары мен танымдық белсенділіктері артады;
- кәсіптік қызығуы мен бейімділігі дамиды;
- оқушылардың бойында дайындық деңгейін көтеру және білімді үздіксіз толықтырып отыру қажеттіліктері дамиды.

I. «Мұрагер» шығармашылық орталығы

1. «Самғау» би ансамблі
2. «Ән қанатында» өнерлі балалар байқауы
3. «Қазына» қолөнер көрме жәрмеңкесі
4. «Атамұра» домбыра ансамблі
5. «Сөз зергері» көркемсөз оқу байқауы

II. «Икемді дағдылар» кәсіби бағдарлау орталығы


1. «Өндіріс орындарына саяхат» іс-шарасы
2. «Идеядан бизнеске» бизнес жобалар клубы
3. Табысты адамдар кеңесі
4. «Менің қолымнан бәрі келеді» іс шарасы

III. «Олимп шыңы» кіші олимпиада мектебі

2. Қашықтық олимпиада
3. Интеллектуалдық олимпиада
4. Пәндік олимпиада

IV. «Жас толқын» ОҒҚ

1. «Кішкентай ғалымдар» зерттеушілер клубы
2. «Зерде» ғылыми орталығы
3. «Креативті жобалар» байқауы



Ғани Мұратбаев гимназиясының «Жаңа ұрпақ» кешенді жоспарының «Саламат» жобасы

Мақсаты: Жан-жақты дамыған, рухани бай, өз ойын еркін айта алатын, адамгершілік тұрғыда және интеллектуалды даму деңгейі жоғары, қоршаған ортамен үйлесімді қатынаста болатын жеке тұлғаны қалыптастыру.


Міндеттері:

- Алған білім, біліктерін өмірде пайдалана білуге машықтандыру;
- Оқушыларды өзін-өзі басқару перспективалары мен концепциялары негізінде көшбасшылыққа тәрбиелеу;
- Оқушылардың өзін-өзі құрметтеу деңгейін көтере отырып, қоршаған ортаға эмоционалдық жағымды қатынастарды дамыту;
- Табиғатты қорғау және өзгертуге байланысты оқушыларды жаппай қоғамдық пайдалы еңбекке қосу.

Күтілетін нәтиже:

- Оқушыларда логикалық және сараптамалық ойлау жүйесі дамиды.
- Эстетикалық қасиеттерді түсінеді.
- Спорттық іс-шараларда белсенді көшбасшы болу жолын іздейді.
- Өлеуметтік-психологиялық тұрғыда қалыптасады.
- Оқушылар өз идеяларын жан-жақты дәлелдеудің жолдарын іздеп, қалыптасады.
- Зияткерлік пайымдау, заманауи жаңа идеяларды ұсынып, табанды және сенімді ұстанымда болады.

- Мектепте экологиялық білім және тәрбие құрамдас кіріктірілген жұмыстар ұйымдастырылады.



Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясының «Жаңа ұрпақ» кешенді жоспарының «Сәтті қадам» жобасы

Мақсаты:

Жас жеткіншектерді ұлттық код негізінде тәрбиелеу арқылы рухани санасын жаңғырту.

Мідеттері:

- жас буынның бәсекеге қабілетті ұрпақ ретіндегі білім алуға деген құлшынысын арттырумен қатар, сапалы іс-шаралардың маңыздылығын арттыру;
- оқушыларға рухани және адамгершілік тәрбие беру бағытында ізгілік, шеберлік, икемділік қабілеттерін қалыптастыру;
- түлектер қауымдастығы жобасының жұмысын жүйелі жүргізу арқылы мектеп пен түлек арасындағы байланысты нығайту;
- жеткіншектерді ұлтжанды рухта тәрбиелеудің жүйесін қалыптастыру;
- әкелер мен аналар мектебінің жұмысын жүйелі жүргізу арқылы отбасы құндылықтарын насихаттау;



№	Іс-шаралар атауы	Мақсаты	Мерзімі	Қатысушылар	Жауапты	Күтілетін нәтиже
2024-2025 оқу жылы						
Педагог кадрлардың кәсіби біліктілігі мен мәртебесін арттыру («Шебер ұстаз» жобасы аясында)						
1	Біліктілігін арттыру курстарында білімін жетілдіру	Жаңа білім, білік дағдыларын меңгеру	тамыз, 2025	Пән мұғалімдері	ДОӘІЖО Рамазанов С.	Білім білік дағдылары жаңғырады, жаңа әдіс-тәсілдерді меңгереді.
2	«Педагог-шебер», «педагог-зерттеуші» санатты педагогтердің үлесі	Педагогтердің біліктілік санатының сапасын көтеру	мамыр, 2025	Пән мұғалімдері	ДОӘІЖО Рамазанов С.	Педагогтердің біліктілік санаты көтеріледі.
3	Авторлық бағдарлама дайындаған педагогтердің үлесі	Педагогтердің зерттеу дағдыларын жетілдіру	мамыр, 2025	Пән мұғалімдері	ДОӘІЖО Рамазанов С.	Педагогтер зерттеу жұмыс
4	Облыстық, республикалық педагогикалық байқаулардың жеңімпаздарының үлесі	Педагогтердің кәсіби белсенділігін дамыту	мамыр, 2025	Пән мұғалімдері	ДОӘІЖО Рамазанов С.	Кәсіби байқауларға қатысу арқылы біліктілігін жетілдіру
Педагогтерді әдістемелік сүйемелдеу («Шебер ұстаз» жобасы аясында)						
5	Облыстық деңгейде іс-тәжірибесімен бөлісетін педагогтердің үлесі	Педагогикалық озат тәжірибені тарату	мамыр, 2025	Пән мұғалімдері	ДОӘІЖО Рамазанов С.	Педагогикалық озат тәжірибе таратудың озық үлгісі қалыптасады
6	Республикалық деңгейде іс-тәжірибесімен бөлісетін педагогтердің үлесі	Педагогикалық озат тәжірибені тарату	мамыр, 2025	Пән мұғалімдері	ДОӘІЖО Рамазанов С.	Педагогикалық озат тәжірибе таратудың озық үлгісі қалыптасады
7	Мектепшілік тәжірибесін тарататын педагогтердің үлесі	Педагогикалық озат тәжірибені таратудың мектепшілік жүйесінің тиімділігін арттыру	мамыр, 2025	Пән мұғалімдері	ДОӘІЖО Рамазанов С.	Педагогикалық озат тәжірибе таратудың озық үлгісі қалыптасады
Білім беру менеджментінің сапасын жақсарту («Цифрлы гимназия» жобасы аясында)						
8	«Білім сапасын қамтамасыз етуде мектеп жұмысын цифрлық	«Білім сапасын қамтамасыз етуде мектеп жұмысын цифрлық	мамыр, 2025	мектеп әкімшілігі	ДАІЖО Стамкулова Д. Жазылбеков	«Цифрлы гимназия» жобасының жұмысы

	трансформациялаудың ұйымдастыру-педагогикалық шарттары» тақырыбындағы ғылыми-педагогикалық эксперименттік жұмысы аясында зерттеу мақалаларын жариялау	трансформациялаудың ұйымдастыру-педагогикалық шарттары» тақырыбындағы ғылыми-педагогикалық эксперименттік жұмысы аясында зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибені аудан, облыс көлемінде тарату			Н.	жүйеленеді. Мектеп пен білім сапасын басқару ісі сандық жүйеге негізделеді.
9	Ғылыми-педагогикалық эксперименттік жұмысы аясында әдістемелік құрал дайындау	Эксперименттік алаң жұмысын ғылыми-әдістемелік тұрғыдан негіздеу	мамыр, 2025	Мектеп әкімшілігі	ДАІЖО Стамкулова Д. Жазылбеков Н.	Эксперименттік алаң жұмысы педагогикалық, ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етіледі.
Білім сапасын бағалау («Гимназия сапасы» жобасы аясында)						
10	Оқушылардың білім сапасын көтеру	Мемлекеттік стандарт талаптарын орындау, цифрлық трансформациялау арқылы білім сапасын бақылау мен басқарудың тиімді жүйесін қалыптастыру	мамыр, 2025	Мектеп әкімшілігі	ДОІЖО А.Турапбаева, Ж.Лесбекова, Ш.Молдахалыкова	Цифрлық трансформациялау арқылы білім сапасын бақылау мен басқарудың тиімді жүйесін қалыптасады
11	Жоғарғы оқу орындарында оқуға қабылданған «грант» иегерлерінің үлесі	Оқушылардың метатаным дағдыларын қалыптастыру.	мамыр, 2025	Мектеп әкімшілігі, пән мұғалімдері	ДОІЖО А.Турапбаева, Ж.Лесбекова, Ш.Молдахалыкова	Оқушылардың метатаным дағдылары қалыптасу арқылы өз бетінше білім алуға бейімделеді.
12	«Гимназия сапасы» тәуелсіз бақылауының негізгі пәндер бойынша тест сұрақтары қорындағы нұсқалардың санын арттыру	«Гимназия сапасы» тәуелсіз бақылауын жетілдіру, электронды сұрақтар базасын қалыптастыру	мамыр, 2025	Мектеп әкімшілігі, шығармашылық топ мүшелері.	ДОІЖО А.Турапбаева, Ж.Лесбекова, Ш.Молдахалыкова	«Гимназия сапасы» тәуелсіз бақылауын жетілдіру, электронды сұрақтар базасын қалыптастыру жұмыстары

						жүргізіледі.
Жастардың азаматтық белсенділігін арттыру («Азамат» жобасы аясында)						
13	Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру	Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған іс-шаралардың сапасын арттыру	мамыр, 2025	Сынып жетекшілер, құқықтау пәні мұғалімдері	ДҚТІЖО Н.Кудабаев	Оқушылардың құқықтық сауаттылығы артады
14	Мектепшілік іс-шараларға қатысуға құлшыныс танытатын оқушылардың үлесі	Оқушыларды позитивті әлеуметтендіру арқылы азаматтық белсенділігін арттыру	мамыр, 2025	Сынып жетекшілер, пән мұғалімдері	ДҚТІЖО Н.Кудабаев	Оқушылардың азаматтық белсенділік деңгейі артады.
15	Патриоттық тәрбиелік іс-шаралардың үлесі	Мектепшілік патриоттық іс-шаралардың үлесін көбейту	мамыр, 2025	Сынып жетекшілер, пән мұғалімдері	ДҚТІЖО Н.Кудабаев	Мектепшілік патриоттық іс-шаралардың үлесі артады
Біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру («Тұлға» жобасы аясында)						
16	Оқушылардың жалпы санынан жалпы пәндер бойынша республикалық олимпиаданың аудандық, облыстық, республикалық кезеңінің жеңімпаздарының үлесі	Дарынды оқушылармен жұмыс жүйесін жетілдіру	мамыр, 2025	Сынып оқушылары	ДОІЖО А.Турапбаева, Ж.Лесбекова, Ш.Молдахалыкова, ұйымдастырушы педагогтер: Г.Асанова, Р.Усенқызы	Олимпиада жеңімпаздарының үлесі артады
17	Оқушылардың жалпы санынан ғылыми жоба байқауының аудандық, облыстық, республикалық кезеңінің жеңімпаздарының үлесі	Оқушылардың зерттеу дағдыларын жетілдіру	мамыр, 2025	Сынып оқушылары	ДОІЖО А.Турапбаева, Ж.Лесбекова, Ш.Молдахалыкова, ұйымдастырушы педагогтер: Г.Асанова, Р.Усенқызы	Ғылыми зерттеу жүргізетін оқушылардың үлесі артады
18	Мектептен тыс спорттық үйірмелерге қатысатын оқушылардың үлесі	Саламатты өмір салтын сақтауды насихаттау	мамыр, 2025	Сынып оқушылары	ДТІЖО К.Сатенов Ұйымдастырушы педагогтер: Г.Асанова, Р.Усенқызы	Мектептен тыс спорттық үйірмелерге қатысатын оқушылардың үлесі артады.

19	Мектептен тыс музыка, өнер үйірмелеріне қатысатын оқушылардың үлесі	Эстетикалық тәрбие құрамдасын дамыту	мамыр, 2025	Сынып оқушылары	ДТІЖО К.Сатенов Ұйымдастырушы педагогтер: Г.Асанова, Р.Усенқызы	Мектептен тыс музыка, өнер үйірмелеріне қатысатын оқушылардың үлесі артады
20	Спорттық іс-шаралардың үлесі	Мектепшілік спорттық іс-шаралардың үлесін арттыру	мамыр, 2025	Сынып оқушылары	ДТІЖО К.Сатенов	Мектепшілік спорттық іс-шаралардың үлесі артады
21	Экологиялық тәрбиелік іс-шаралардың үлесі	Экологиялық тәрбие құрамдасын дамыту	мамыр, 2025	Сынып оқушылары	ДТІЖО К.Сатенов	Экологиялық тәрбиелік іс-шаралардың үлесі артады
22	«Парасат» әкелер мектебі аясындағы тәрбиелік іс-шаралардың үлесі	«Парасат» әкелер мектебі аясында тәрбие жұмыстарын дамыту	мамыр, 2025	Сынып оқушылары	ДТІЖО К.Сатенов	«Парасат» әкелер мектебі аясындағы тәрбиелік іс-шаралардың үлесі артады
23	«Ақжаулық» аналар мектебі	«Ақжаулық» аналар мектебі аясында тәрбие жұмыстарын дамыту	мамыр, 2025	Сынып оқушылары	ДТІЖО К.Сатенов	«Ақжаулық» аналар мектебі аясындағы тәрбиелік іс-шаралардың үлесі артады
24	«Алтын ұя» түлектер қауымдастығы	Түлектермен жұмысты жүйелеу	мамыр, 2025	Сынып оқушылары	ДТІЖО К.Сатенов	Түлектердің мектеппен байланысы нығаяды
Мектептің материалдық-техникалық базасын жетілдіру						
29	Бақылау камераларының санын арттыру	Қауіпсіздікті нығайту	мамыр, 2025	Мектеп әкімшілігі	ДТІЖО К.Сатенов, ДҚТІЖО Н.Кудабаев, ДШЖО Х.Исаков	Мектептің барлық аумағы бақылаумен қамтамасыз етіледі
30	Турникет қойдыру	Қауіпсіздікті нығайту	мамыр, 2025	Мектеп әкімшілігі	Гимназия директоры А.Кайпулдаев ДШЖО Х.Исаков	Қауіпсіздік қамтамасыз етіледі
31	1 компьютерге келетін оқушылардың саны	Оқушылардың ақпараттық сауаттылығын дамытуға жағдай жасау	мамыр, 2025	Мектеп әкімшілігі	Гимназия директоры А.Кайпулдаев ДШЖО Х.Исаков	1 компьютерге келетін оқушылардың үлесі азаяды
32	Интерактивті панель саны	Мектептің оқу-тәрбие процесін сандық технологиялармен сүйемелдеу	мамыр, 2025	Мектеп әкімшілігі	Гимназия директоры А.Кайпулдаев ДШЖО Х.Исаков	Оқыту мен оқу сапасы артады

III бөлім
Оқу-тәрбие үрдісін жоспарлау

3.1. 2025-2026 оқу жылына арналған «Шебер ұстаз» жобасы аясындағы гимназияның әдістемелік жұмысының жоспары

Түсінік хат

Әдістемелік жұмыстың мақсаты мен міндеттері:

Пайымдау: Заманауи білім дағдылары мен мектеп құндылықтарын меңгерген түлектеріміз: рухани кемелденген, елжанды, бәсекеге қабілетті жаңашыл әрі дара тұлға ретінде мемлекет дамуына үлес қосады.

Миссия: Мемлекеттің дамуына үлес қосатын, көптілді және рухани кемелденген, саламатты тұлға қалыптастыру.

Әдістемелік тақырыбы:

Жаңартылған мазмұнда білім беру жағдайында Назарбаев Зияткерлік мектептерінің тәжірибесін енгізу арқылы мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыру.

Мақсаты:

Заманауи педагогикалық зерттеу дағдыларын меңгеру арқылы үздіксіз кәсіби дамитын шебер ұстаз қалыптастыру.

Міндеттері:

- Педагогтардың біліктілігін жетілдіруі мен үздіксіз дамуына басшылық жасау.
- Мектептің даму бағдарламасын жоспарлауға және жүзеге асыруға педагогтардың белсенді қатысуын қамтамасыз ету.
- Мемлекеттік білім беру стандарты мен оқу бағдарламаларының жүзеге асырылуын қадағалау.
- Қол жеткізілген нәтижелер мен даму деңгейі үдерісіне сараптау жасап, шығармашылық жұмысқа қолдау көрсету.
- Озық педагогикалық тәжірибенің таратылуын ұйымдастыру және қолдау.
- Кәсіби дамуды әдістемелік қолдау арқылы үздіксіз жетілуді қамтамасыз ету.
- Оқушылардың сапалы білім алуын қамтамасыз ету.

Күтілетін нәтиже:

- Педагогтардың біліктілігін жетілдіруі мен үздіксіз дамуы жүзеге асады.
- Мектептің даму бағдарламасын жоспарлауға және жүзеге асыруға педагогтар белсенді қатысады.
- Мемлекеттік білім беру стандарты талаптары мен оқу бағдарламалары орындалады.
- Қол жеткізілген нәтижелер мен даму деңгейі үдерісіне сараптау жасалып, шығармашылық жұмысқа қолдау көрсетіледі.
- Озық педагогикалық тәжірибенің таратылып, мұғалімдердің кәсіби шеберлігі шыңдалады.
- Кәсіби дамуды әдістемелік қолдау жүргізіледі.
- Оқушылардың сапалы білім алуына қол жеткізіледі.
- Мектептің біліктілікті арттыру жүйесі қалыптасады.

«Шебер ұстаз» жобасының құрылымы:

«Шебер ұстаз» жобасы шеңберінде гимназиядағы әдістемелік жұмыстар негізгі бес бағытта жүргізіледі:

1. «Жаңару» пән бірлестігі қауымдастығы.
2. «Озық тәжірибе» педагогикалық зертхана.
3. «Жас маман мектебі».
4. «Жетекші мектеп» желілік қауымдастық.
5. «Көшбасшы» даму командасы.

Аталған бес бағыт гимназияда жүргізілетін әдістемелік жұмыстардың түрлі саласын тұтас қамтитын болады:

I. “ЖАҢАРУ” пән бірлестігі қауымдастығы:

1. Бастауыш пәні мұғалімдерінің бірлестігі.

2. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің бірлестігі.
 3. Ағылшын тілі пәні мұғалімдерінің бірлестігі.
 4. Орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің бірлестігі.
 5. Тарих, география және өзін-өзі тану пәні мұғалімдерінің бірлестігі.
 6. Математика, информатика және физика пәні мұғалімдерінің бірлестігі.
 7. Химия және биология пәні мұғалімдерінің бірлестігі.
 8. Даму пәндері мұғалімдерінің бірлестігі.
- II. “ОЗЫҚ ТӘЖІРИБЕ” педагогикалық зертхана:
1. Кәсіби біліктілікті арттыру курстары.
 2. Педагогтарды аттестаттау.
 3. Шеберлік сыныбы.
 4. Кәсіби байқаулар.
 5. Педагогтардың кәсіби еңбегінің рейтингі.
 6. Жылдық шығармашылық есеп.
- III. “ЖАС МАМАН МЕКТЕБІ”:
1. Тәлімгерлік.
 2. Шеберлік сыныбы.
 3. Семинар-практикум.
 4. “Жас маман” декадасы.
 5. Жылдық шығармашылық есеп.
- IV. “ЖЕТЕКШІ МЕКТЕП” желілік қауымдастық:
1. Серіктес мектептерді әдістемелік қолдау.
 2. Озық іс-тәжірибелер шеруі.
 3. Оқу үдерісіне жаңа әдіс-тәсілдерді енгізуді әдістемелік қолдау.
 4. Мектепаралық ынтымақтастық.
 5. Қоғамдастықта жұмыс істеу.
- V. “КӨШБАСШЫ” даму командасы:
1. Әдістемелік кеңес.
 2. Мектепті дамыту жоспары.
 3. Тәлімгерлік үдерісі.
 4. Коучинг-сессия үдерісі.
 5. Іс-әрекеттегі зерттеу.
 6. Сабақты зерттеу.

№	Іс-шаралар	Бағыты	Орындау мерзімі	Жауапты	Қарау орны	Аяқталу нысаны
ТАМЫЗ						
1	Әдістемелік кеңес жұмысын ұйымдастыру	«Жаңару» пән бірлестігі қауымдастығы	III апта	Рамазанов С.Н.	ӘК	хаттама
2	ӘК туралы ережені, ӘК құрамына ұсынылатын педагогтер тізімін дайындау		III апта	Рамазанов С.Н.	ӘК	анықтама
3	ӘБ жетекшілерінің тізімін ӘК ұсынуға дайындау		III апта	Рамазанов С.Н.	ӘК	анықтама
4	Мектептің 2025-2026 о.ж. әдістемелік жұмысын, әдістемелік кеңесінің, әдістемелік бірлестіктерінің жоспарларын бекітуге		III апта	Рамазанов С.Н.	ӘК	анықтама

	ұсыну					
5	Әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру		III апта	Рамазанов С.Н.	ӘЖ	анықтама
6	ҚР Білім беру саласындағы нормативтік құжаттарды түсіндіру		IV апта	Рамазанов С.Н.	ПК	анықтама
7	2025-2026 оқу жылында мұғалімдердің біліктілігін жетілдірудің перспективалық жоспарын бекіту		IV апта	Рамазанов С.Н.	ПК	кесте
8	Мектеп кабинеттерін паспорттауға ұсыну туралы		IV апта	Рамазанов С.Н.	ПК	анықтама
9	Педагогтердің сапалық құрамын дайындау		IV апта	Рамазанов С.Н.		тізім
10	2025-2026 оқу жылына арналған гимназияның оқу-тәрбие жоспарын, локальді актіні дайындау		IV апта	Рамазанов С.Н.		жоспар, ереже
11	2025-2026 оқу жылына арналған жұмыстық оқу жоспарын дайындау		IV апта	Рамазанов С.Н.		жоспар
12	Күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды әзірлеу және бекітуді үйлестіру		IV апта	Рамазанов С.Н.		жоспар
13	Мектепшілік педагогтерді аттестаттау комиссиясының құрамын, біліктілік санаттарын беруге (растауға) үміткер педагогтердің тізімін бекітуге дайындау		IV апта	Рамазанов С.Н.		тізім
14	Жас мамандардың тізімін қалыптастыру		IV апта	Рамазанов С.Н.		тізім
15	Пән мұғалімдері бірлестіктерінің онкүндіктерін өткізу кестесін дайындау		IV апта	Рамазанов С.Н.		кесте
№	Іс-шаралар	Бағыты	Орындау мерзімі	Жауапты	Қарау орны	Аяқталу нысаны
ҚЫРКҮЙЕК						
1	Пән онкүндіктері аясында педагогтердің тәжірибе тарату іс-шараларын	«Озық тәжірибе» педагогикалық зертхана	үнемі	Рамазанов С.Н.		анықтама

	ұйымдастыру					
2	Педагогтердің сапалық құрамы туралы мәлімет дайындау	«Жаңару» пән бірлестігі қауымдастығы	I апта	Рамазанов С.Н.		тізім
3	Пән мұғалімдері бірлестіктерінің онкүндіктерін өткізу кестесін дайындау	«Жаңару» пән бірлестігі қауымдастығы	I апта	Рамазанов С.Н.		кесте
4	«Sinergy» серіктес мектептер желісінің жұмыс жоспарын дайындау	«Жетекші мектеп»	I апта	Рамазанов С.Н.		жоспар
5	«Көшбасшы» даму командасының құрамын қалыптастыру.	«Көшбасшы» даму командасы	I апта	Рамазанов С.Н.		тізім
6	Жас мамандарға тәлімгерлерді тағайындау	«Жас маман мектебі»	II апта	Рамазанов С.Н.	ДЖК	тізім
7	«Қатаң есептегі құжаттарды рәсімдеуге байланысты талаптар» тақырыбында жас мамандарға арналған семинар-тренинг	«Жас маман мектебі»	II апта	Рамазанов С.Н.		анықтама
8	Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің әдістемелік онкүндігін ұйымдастыру, өткізу	«Жаңару» пән бірлестігі қауымдастығы	II- IV апта	Рамазанов С.Н.	ДЖК	бұйрық, жоспар, анықтама
№	Іс-шаралар	Бағыты	Орындау мерзімі	Жауапты	Қарау орны	Аяқталу нысаны
ҚАЗАН						
1	Пән онкүндіктері аясында педагогтердің тәжірибе тарату іс-шараларын ұйымдастыру	«Озық тәжірибе» педагогикалық зертхана	үнемі	Рамазанов С.Н.		анықтама
2	«Sinergy» серіктес мектептер желісінің жұмыс жоспарын дайындау	«Жетекші мектеп» желілік қауымдастық	I апта	Рамазанов С.Н.		жоспар
3	Сабакты зерттеу (LS) топтарын ұйымдастыру	«Көшбасшы» даму командасы	I апта	Рамазанов С.Н. «Көшбасшы» даму командасы мүшелері		топ тізімі, бұйрық, жоспар
4	Пәндер бойынша оқу бағдарламаларының орындалуы, күнтізбелік-тақырыптық жоспармен сәйкестігі. Қысқа мерзімді жоспарлар мен	«Жаңару» пән бірлестігі қауымдастығы	I-II апта	Рамазанов С.Н.	ДЖК	анықтама

	күнтізбелік- тақырыптық жоспарларды тексеру қорытындысы					
5	Жаратылыстану пәндері мұғалімдерінің әдістемелік онкүндігін ұйымдастыру, өткізу	«Жаңару» пән бірлестігі қауымдастығы	I- II апта	Рамазанов С.Н. Лесбекова Ж.	ДЖК	бұйрық, жоспар, анықтама
6	«Сабақтарды қысқа мерзімді жоспарлау» тақырыбында коучинг	«Жас маман мектебі»	II апта	Рамазанов С.Н.		Коучинг жоспары
7	Жас мамандар арасында іс-әрекеттегі зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру	«Көшбасшы» даму командасы	II апта	Рамазанов С.Н. «Көшбасшы» даму командасы мүшелері		топ тізімі, бұйрық, жоспар
